№15 (300).
27 мамыр,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ASTANA LRT ЖЕҢІЛ РЕЛЬСТІ КӨЛІК ЖЕЛІСІ ТОЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰР

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы мәлімет берілді.

Астанада барлық басты экономикалық көрсеткіштер бойынша оң қарқын байқалады. Биылғы төрт айда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 588 миллиард теңгені құрады. Бұл былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 9,1 пайыз жоғары. Олардың арасында өңдеу өнеркәсібі, білім, медицина, көлік, сауда, логистика салаларына қатысты жобалар бар.

Бүгінде Astana LRT жеңіл рельсті көлік желісі толық жұмыс істеп тұр. Елорданың қоғамдық көлік жүйесін жандандыру мақсатында жобаның екінші кезеңі пысықталуда.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандардың құрылысы, тұрғын үй алаптарын көркейту жөнінде айтты. Соңғы жылдары Астанада 44 мектеп салынған. Ал жаңа оқу жылында 12 білім ошағы ашылады. Сонымен қатар 2 оқушылар сарайын және 6 балабақшаны ел игілігіне беру жоспарланып отыр.

2028 жылға дейін 2 перинатальды орталық, көпбейінді аурухана және диагностикалық кешеннің құрылысы аяқталмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы, Smart City жобасының іске асырылуы туралы баяндалды.

2026 жылы 173 аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, 1,1 миллион түп жасыл желек егу көзделген.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің қызметін оң бағалап, елорданы одан әрі дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.

Akorda.kz

ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ШЫҢЫНДАҒЫ ШАҢЫРАҚ

30 жылдық белеске көтерілген ЕҰУ-нің жетістіктері көпшілікті тәнті етті



Жүз мыңнан астам түлек тәрбиелеп шығарған іргелі оқу ордасының бүгінгі биігі кез келген жанды таңдандырмай қоймайды. Қанаттанып ұшқан сол түлектер қазір еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының түрлі буындарында кәсіби маман ретінде жемісті еңбек етіп жүр. Олардың арасында халықаралық деңгейде мойындалған тұлғалар да аз емес. Бұл – университеттің шынайы беделі мен білім сапасының нақты көрсеткіші.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің 30 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өтті. Айтулы датаға арналған салтанатты шаралар аясында халықаралық деңгейдегі Лу Бань шеберханасының ашылуы ұйымдастырылып, мемлекет және қоғам қайраткерлері, шетелдік серіктестер, ғалымдар мен университет түлектерінің қатысуымен Ғылыми кеңестің кеңейтілген мерекелік отырысы өтті. Сонымен қатар студенттер мен ұстаздардың басын қосқан мәдени-көпшілік бағдарламалар университет кампусын ерекше рухқа бөледі.

Лу Бань шеберханасының ресми ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, университеттің басқарма төрағасы – ректоры Ерлан Сыдықов және Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чуньлинь қатысты.

Бұл шеберхана – Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған, жоғары білікті техникалық кадрларды даярлауға бағытталған қазақстандық-қытайлық маңызды білім беру жобаларының бірі. Жоба Тяньцзинь кәсіптік институты мен ЕҰУ арасындағы серіктестік негізінде жүзеге асырылған. Оның негізгі мақсаты – техникалық және IT білім беруді жаңа деңгейге көтеру, сондай-ақ жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар саласында сұранысқа ие мамандар даярлау.

8-бетте »

Құрбан айт құтты болсын!

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді қасиетті Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – мейірім мен қайырымдылықты, бірлік пен бауырмалдықты дәріптейтін ұлық мереке. Осындай ізгі күнде әр шаңыраққа амандық, молшылық пен бақ-береке тілейміз. Жүректеріңізге қуаныш ұялап, отбасыларыңызға шаттық пен тыныштық орнасын.

Қасиетті айт күндері жасаған барлық игі амалдарыңыз бен ақ ниетті тілектеріңіз қабыл болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ынтымақ пен татулық әрдайым төрімізден табылғай. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, ұрпақтарыңызға бақыт тілейміз. Айт мерекесі әр үйге қуаныш пен жылулық сыйласын!

Айт қабыл болсын!



ҒАСЫРҒА СОЗЫЛҒАН ҚАТЕ

Мен ақиқатты меншіктене алмаймын,
тек қисындар схемасын ғана ұсына аламын.
Серікбол Қондыбай, мифолог.

Қазақ тілі бір ғасыр бойы өз жазуын іздеп келеді. Біз әліпби ауыстырдық, емле түзедік, ереже жаңарттық. Бірақ бір шындықты мойындамай келеміз: **қазақ жазуы әлі күнге өз табиғатына сай жүйе тапқан жоқ.**

Біз қаріп пен әріпті түзеп жүрміз, ал жүйені түсінбей отырмыз. Біз таңбаны өзгертумен әуре болдық, бірақ тілдің заңын ескермедік. 1913 жылдан бастап 1934 жылға дейінгі аралықта бір ғана «Оқу» сөзінің ОҚУ, ОҚҰУ, ОҚЫУ, қайтадан ОҚҰУ түрінде 4 түрлі жазуға ұшырады. Соның салдарынан бүгінгі қазақ жазуы – өз тіліне емес, бөтен жүйеге бейімделіп, ақыры тұйыққа тірелді.

Ең қауіптісі – бұл дағдарыс көзге көрінбейді. Біз «дұрыс жазып жүрміз» деп ойлаймыз. Бірақ жазым айтымға қайшы. Емлеміз – үндестік заңына қайшы. Әліпбиіміз – тіліміздің табиғатына жат.

Осыдан туындайтын сұрақ: ***біз әліпбиді дамытып жүрміз бе, әлде тілді бұзып жүрміз бе? Бұл сауалға жауап беру жолында 2024 жылы А.Байтұрсынұлының «Жаңа емле» аталған еңбегінің соңғы нүктесі қойылғанына 100 жыл және Қ.Жұбановтың туғанына 125 жыл толу қарсаңында жарияланған «Қазақ тілінің сингемвит жазу жүйесі» тұжырымдамасын жұртшылыққа түсіндіру үшін осы мақаланы жариялап отырмыз.***



Құрметпен – Серік Ерғали.

6-бетте »

ЖҮРЕКТЕ МӘҢГІ ҚАЛҒАН АСЫЛ АНА!



Бәрі де Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш
өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Жанарыңнан көрдім
алғаш аспанды.
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
Жасқандым ба,
Тек өзіңнен жасқандым.
Алғашқы дәм,
ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда
үміт күтеді,
Отанымның өзі сенен басталып.
Жауларыма жеткен
жерден бітеді.

Қадыр Мырза Әлі

5-бетте »

adilet-gazeti.kz

МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ӨНДІРІСІ ДАМЫҒАН ӨҢІР ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров төрағалығымен Инвестициялық штабтың кезекті отырысы өтті. Штаб отырысына облыс әкімінің орынбасарлары, аудан-қала әкімдері, басқарма басшылары мен шетелдік және отандық инвесторлар қатысты. Күн тәртібінде 2026 жылы іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалар таныстырылып, өңірлердегі инвестициялық жұмыстардың нәтижелері талқыланды.



Отырысты ашқан облыс әкімі өңір экономикасын дамытуда инвестициялық жобалардың маңыздылығына тоқталып, жауапты тұлғаларға жобаларды сапалы әрі уақтылы жүзеге асыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

– Әрбір аудан, қала әкімі мен жауапты басқарма басшылары инвестиция тарту жұмыстарына басымдық берулері керек. Бүгінгі мәжілісте мәселелер ашық айтылып, тиісті шешімдер қабылданады. Біз әрбір жобаның іске асырылу барысын мұқият қадағалап, туындайтын мәселелерді шешуге қолдау көрсетеміз. Сіздердің жобаларыңыз іске асып, облысымыздың экономикасының дамуына драйвері болады деп сенеміз, – деді Нұралхан Көшеров.

Штаб отырысында бірқатар ірі инвестициялық жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, Түркістан қаласындағы арнайы экономикалық аймақта жүзеге асырылатын жоба ұсынылды. Мұнда ПВХ құбырларына арналған арматура, ленталар, тамшылатып суару құбырларын өндіруге арналған жабдықтар және тоқылған су шлангтері шығарылмақ.

Сонымен қатар Сауран ауданындағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағында іске асырылатын бірнеше өндірістік жоба қаралды. Олардың қатарында «BOSHIRAN XINJIANG» компаниясының ауыл шаруашылығы техникасын құрастыру және шығару жобасы, «Lihua Group» ЖШС-нің карбамид тыңайтқыштары мен мақта майын өндіру зауыттары, сондай-ақ «BAKS Innovations Inc. – CAESG Platform» компаниясының биомассаны терең өңдеу және көміртегін байланыстыру инновациялық кешені бар.

Бұдан бөлек, «Yassy Energy» ЖШС-нің трансформаторларға арналған гофрленген қабырғалар, қақпақтар және магнитөткізгіштер өндіретін зауыт жобасы таныстырылды. Аталған жобаларды жермен, инфрақұрылыммен қамту мәселелері талқыланып, жауаптыларға тиісті тапсырмалар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Сарыағаш ауданы мен Арыс қаласында жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар және 2025 жылы шетелдік инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің нәтижелері туралы есептер тыңдалды. Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев мен Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқараев өңірлердегі атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндады.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі инвесторларға өңірге деген сенімі мен белсенді жұмыстары үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ әрбір жобаның іске асырылу барысы тұрақты бақылауда болатынын атап өтіп, жауапты мекемелерге инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырды.

Айта кетейік, 2025 жылы облыс экономикасына 1,7 трлн. теңгеге инвестиция тартылып, өсім 121,6%-ды құрады. Өткен жылы жалпы құны 340 млрд. теңгені құрайтын 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл да осы қарқынды сақтап, облысқа 1,7 трлн. теңге инвестиция тарту көзделген. Бұл көрсеткішке жалпы құны 369 млрд. теңгені құрайтын 67 инвестициялық жобаны жүзеге асыру есебінен қол жеткізіледі. Атқарылған жұмыстар өңірдің макроэкономикалық даму динамикасына тікелей оң әсерін тигізді.

Осы жылғы 4 айдың қорытындысы бойынша өңір экономикасының өсімі 125,2%-ды құрап, республикада бірінші орынға шықты. Өңірдің даму әлеуетін ескере отырып, 2026-2029 жылдарға жалпы құны 2,7 трлн. теңгені құрайтын 122 инвестициялық жобаның пулы қалыптастырылды. Нәтижесінде, 18 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, 100 млрд. теңге салық түспек. Осы жоспарлаған жобаларды жүзеге асыру есебінен, алдағы 5 жылда жалпы өңірлік өнім көлемін 2,7 есеге арттыру, ал өзіндік кірістерді 2,3 есеге ұлғайтуды көзделіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстардың мақсаты – бәсекеге қабілетті, өндірісі дамыған, инвестиция тартуға қолайлы және халықтың әл-ауқаты тұрақты өсетін қуатты өңір қалыптастыру.

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

Түркістандағы жаңа этно-туристік кешенде келелі басқосу өтті. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров өңірдің зиялы қауым өкілдерімен, кәсіпкерлерімен, жастарымен және белсенді азаматтарымен кездесті.

Алқалы жиын барысында облыс басшысы Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының бейресми саммиті жоғары деңгейде өткеніне байланысты Ел Президентінің облыс халқына деген алғысын жеткізіп, өңірдің дамуы үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға ризашылығын білдірді. Сонымен қатар саммит қорытындысына тоқталып, өңірдің инвестициялық әлеуеті мен экономикалық мүмкіндіктері жөнінде баяндады.

– Биыл өңірімізде елеулі шаралар өтті. 15 наурызда облыс халқы қоғамдық-саяси жағдайға белсенділік танытып, референдумға қатысып, өз таңдауын жасады. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына Мемлекет басшысы арнайы Түркістан қаласына келіп, аймақ тұрғындарымен жүздесті. 15 мамырда түркі әлемінің рухани астанасы – қасиетті Түркістан төрінде бес мемлекет басшысының қатысуымен Түркі мемлекеттері ұйымының тарихи бейресми саммиті өтті. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев саммит қорытындысы бойынша Түркістан облысында атқарылған дайындық жұмыстарына жоғары баға беріп, өңір тұрғындарына және осы маңызды шараны ұйымдастыруға атсалысқан барша азаматтарға ерекше ризашылығын білдірді. Бұл – ең алдымен, көне шаһардың халықаралық аренадағы биік абыройы және ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен әрбір азаматтың еңбегіне берілген әділ баға. Түркістан өзінің жаһандық деңгейдегі ауқымды іс-шараларды жоғары деңгейде өткізе алатын стратегиялық және мәдени-рухани орталық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Осы ретте, Президентіміздің Түркістан қаласына айрықша мәртебе беріп, өңірдің дамуын жіті бақылауда ұстап отырғанын атап өткен жөн. Саммитті дәл осы киелі мекенде өткізу туралы бастамасы – шаһардың тарихи рөліне деген зор сенімнің айқын көрінісі. Бұл ретте, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз еткен құқық қорғау және әскери сала өкілдеріне, медицина мен коммуналдық қызмет мамандарына, еріктілер мен мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ қонақжай Түркістан жұртшылығына шынайы алғысымды білдіремін. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес экономиканы әртараптандыру, отандық өндірісті дамыту, инвестиция тарту және импортты алмастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Біз бірінші кезекте, республика және облыстың тауар айналымына, сондай-ақ өңірдің шикізаттық әлеуетіне кешенді талдау жүргіздік. 2025 жылы өңірдің сыртқы тауар айналымы 3,5 млрд. АҚШ долларына жетіп, өсім 34,6 %-ды құрады. Соңғы үш жылда экспорт көлемі 142%-ға ұлғайып, 2025 жылы 1,8 млрд. АҚШ долларына жетті. Сыртқы саудада 5 негізгі стратегиялық серіктес мемлекеттер айқындалды. Олар: Ресей, Қытай, Өзбекстан, Германия және Чехия елдері. Зерттеулердің нәтижесінде, өңір экономикасының сыртқы саудадағы құрылымында экспорттың негізгі үлесі өңделмеген бастапқы шикізат тауарларына тиесілі екенін байқадық. Талдау жұмыстары өңір экономикасының әлсіз тұстарын анықтауға және шикізаттық экспорттан жоғары өңделген, қосымша құны жоғары дайын өнім шығаруға көшу бойынша нақты стратегиялық шараларды қабылдауға мүмкіндік берді. Қазіргі таңда инвесторларға тек жер телімін ұсынып қоймай, нарықтың сыйымдылығы, шикізат көлемі және қаржылық көрсеткіштері есептелген дайын жобалар ұсынып жатырмыз. Осыған орай, аудан және қала әкімдеріне дайын шикізаттық талдаулар мен бизнес-кейстерді негізге ала отырып, өз аумақтарына импортты алмастыратын инвестиция тартуды тапсырамын. Сөзімді қорытындылай келе, АҚШ-тың 35-ші Президенті Джон Кеннедидің: «Елім маған не істей алады деп емес, мен еліме не істей аламын деп сұра» деген белгілі қағидасын атап өткім келеді. Осы орайда, баршаңызды өңіріміздің экономикалық тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету бағытындағы бірлескен жұмыстарға белсенді атсалысуға шақырамын, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

Түркістан – еліміздің агроөнеркәсіп саласындағы көшбасшы өңір. Былтыр ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 2,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Өңір мақта өсіру және өңдеу, сондай-ақ жеміс-жидек, бақша және ет өнімдерін экспорттау бойынша республикада бірінші орында. Облыстағы жылыжайлардың жалпы аумағы 1 007 га жетіп, республикалық үлестің 72 %-ын құрап отыр. Сонымен қатар Түркістан облысы уран өндіру және өңдеу бойынша республикада ғана емес, әлемде бірінші орында.

Облыстағы пайдалы қазбалар мен шикізаттық әлеует өңірде іске қосылған құны жоғары өндірістерді дамытуға және индустриялық кластер қалыптастыруға толық мүмкіндік береді. Шикізатты терең өңдеуді дамыту арқылы өңір кәсіпорындарының табыстылығын 3-5 есеге дейін арттыруға мүмкіндік бар. Осы ретте, импортты алмастыру және шикізатты терең өңдеу мақсатында облыстың әрбір ауданы мен қаласының ерекшелігіне қарай арнайы 40 инвестициялық тизер әзірленіп, инвесторларға арналған дайын бизнес-кейстер қалыптастырылды. Инвесторларды қолдау және жобалардың жедел жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында арнайы экономикалық және индустриалды аймақтарда инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген, дайын өндірістік алаңдар бар.

Бүгінгі таңда арнайы экономикалық аймақтарда жалпы құны 976,4 млрд. теңгеге (7 025 жұмыс орны), индустриялды аймақтарда 132,3 млрд. теңгеге инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар облыста шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында 214 гектар аумаққа 25 шағын өндірістік алаң құрылды. Бұл бағытта жалпы сомасы 192 млрд. теңгенің инвестициялық жобалары іске асырылуда (5 218 жұмыс орны). Осы бастама өңірдің барлық аудандарында 258 өндірістік ғимараттың құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр.

Импортты алмастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде жалпы құны 176 млрд. теңгені құрайтын 31 инвестициялық жоба іске асырылды. Оның ішінде, жүгеріні терең өңдеу, түрлі-түсті сусындар, жіп иіру, ламинат, тоңазытқыш жабдықтары мен газ қазандықтарын өндіру, сондай-ақ бірреттік ыдыс-аяқ пен орау материалдарын (скотч) шығару, алюминий бұйымдарын өндіру жобалары іске қосылды. Бұдан бөлек, өңірде John Deere және Lovol ауыл шаруашылығы техникалары мен дрон өндірісі, бояу-әрлеу, тігін және джинс маталары өндірісі, күкірт қышқылы және карбамид өндірісі, биологиялық белсенді қоспалар мен дәрумендер өндірісі, ірі қара мал сүйегінен май мен пептон компоненттерін өндіретін импортты алмастыруға бағытталған 280 млрд. теңгені құрайтын 39 жоба жүзеге асырылуда. Атқарылған жұмыстар өз нәтижесін көрсетіп жатыр.

2025 жылы облыс экономикасына 1,7 трлн. теңгеге инвестиция тартылып, өсім 121,6%-ды құрады. Өткен жылы жалпы құны 340 млрд. теңгені құрайтын 58 инвестициялық жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл да осы қарқынды сақтап, облысқа 1,7 трлн. теңге инвестиция тарту көзделген. Бұл көрсеткішке жалпы құны 369 млрд. теңгені құрайтын 67 инвестициялық жобаны жүзеге асыру есебінен қол жеткізіледі. Атқарылған жұмыстар өңірдің макроэкономикалық даму динамикасына тікелей оң әсерін тигізді.

Осы жылғы 4 айдың қорытындысы бойынша өңір экономикасының өсімі 125,2%-ды құрап, республикада бірінші орынға шықты. Өңірдің даму әлеуетін ескере отырып, 2026-2029 жылдарға жалпы құны 2,7 трлн. теңгені құрайтын 122 инвестициялық жобаның пулы қалыптастырылды. Нәтижесінде, 18 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, 100 млрд. теңге салық түспек. Осы жоспарлаған жобаларды жүзеге асыру есебінен, алдағы 5 жылда жалпы өңірлік өнім көлемін 2,7 есеге арттыру, ал өзіндік кірістерді 2,3 есеге ұлғайтуды көзделіп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстардың мақсаты – бәсекеге қабілетті, өндірісі дамыған, инвестиция тартуға қолайлы және халықтың әл-ауқаты тұрақты өсетін қуатты өңір қалыптастыру.

Мәжілісте өңірдің инвестициялық тартымдылығы, ауыл шаруашылығы мен өндіріс салаларын дамыту бағыттары жан-жақты талқыланды. Жиын барысында зиялы қауым өкілдері, ғалымдар және кәсіпкерлер саммит нәтижелеріне қатысты пікірлерін білдіріп, өңір экономикасының даму перспективалары жөнінде ой бөлісті.

Сондай-ақ қатысушылар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауға ризашылықтарын жеткізіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендерін атап өтті.

ОТЫЗҒА ЖУЫҚ КӘСІПОРЫН ӨҢІРДІҢ ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІН ТАНЫСТЫРУДА

Астана қаласындағы EXPO халықаралық көрме орталығында отандық өндірушілердің IX жыл сайынғы «Ulttyq Ónim – 2026» көрмесі басталды. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының ұйымдастыруымен өтіп жатқан көрмеде еліміздің барлық өңірлерінен 600-ден астам шағын және орта бизнес субъектісі өз өнімдерін таныстыруда. Биылғы көрме ауқымы жағынан өткізілу тарихындағы ең ірі көрме ретінде ерекшеленуде.

Аталған көрмеге Түркістан облысынан 25 кәсіпорын қатысып, өңірде өндірілетін өнімдердің кең ауқымын көпшілік назарына ұсынуда. Түркістан облысының кәсіпорындары көрме аясында өңірдің өндірістік және экспорттық әлеуетін паш етіп, отандық өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуде. Қатысушылар қатарында азық-түлік өндірісі саласындағы табиғи шырын, сүт және шұжық өнімдерін, газдалған сусындар мен балмұздақ өндіретін кәсіпорындар бар. Сонымен қатар құрылыс материалдары, кабель өнімдері, металл конструкциялары, химиялық өнімдер мен арнайы жұмыс киімдерін шығаратын кәсіпорындар да өз өнімдерін ұсынуда.

Атап айтқанда, көрмеде «DALAFRUIT.KZ» ЖШС табиғи алма шырынын, «AYKAN» ЖШС «Эмир» ірімшігін, «ҚАРҚЫН-2030» ЖШС шұжық және ет өнімдерін, «Шораев» ЖК арнайы қорғаныш аяқ киімдерін, «НұрАгро 73» ЖШС мақта өнімдерін, «BEIBARS BOTTLERS» компаниясы RC Cola сусындарын, «Балмұздақ» ЖШС «Ленгерское» балмұздағын, «QazEcoPack» ЖШС скотч және стрейч-пленка өнімдерін, «QAZAQ BITUM Processing» компаниясы битум өнімдерін, «Trans Cable» ЖШС кабель өнімдерін, «Quraq Group» ЖШС жұмсақ жиһаз өнімдерін және өзге де кәсіпорындар өз өнімдерін таныстыруда.

Көрменің ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин қатысып, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің құттықтау хатын оқып берді. Құттықтау мәтінінде Мемлекет басшысының шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше назар аударып отырғаны, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы мемлекеттік шаралардың жүйелі түрде жалғасатыны атап өтілді.

Бүгінде Түркістан облысында өндіріс саласын дамыту, импортты алмастыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және экспорттық әлеуетті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «ULTTYQ ÓNIM – 2026» көрмесі өңір кәсіпкерлері үшін жаңа серіктестер табуға, өнім өткізу нарығын кеңейтуге және инвестициялық мүмкіндіктерді арттыруға мүмкіндік береді.

Көрме аясында панельдік сессиялар, нетворкинг алаңдары, тәжірибе алмасу және B2B-кездесулер ұйымдастырылуда. Сондай-ақ франчайзинг, команда қалыптастыру, салық салу және бизнесте жасанды интеллектіні пайдалану тақырыптарында тегін шеберлік сабақтары өткізілуде.

Бұдан бөлек, келушілер үшін танымал әртістер мен блогерлердің қатысуымен концерттік бағдарлама, «Халық таңдауы» онлайн-байқауы және арнайы сыйлықтар ұтысы ұйымдастырылған.

Айта кетейік, «Ulttyq Ónim» – мемлекеттік қолдау алған қазақстандық компаниялардың тауарлары мен қызметтерін таныстыруға және ілгерілетуге бағытталған ірі көрме алаңдарының бірі. Көрмеде азық-түлік өнімдері, құрылыс материалдары, химия өнеркәсібі, машина жасау, медициналық өнімдер, жиһаз, арнайы киімдер мен қаптама өнімдері ұсынылуда.

2025 жылдың өзінде Үкімет тарапынан «Даму» қоры арқылы бизнесті дамытуға 560 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінген. Нәтижесінде жалпы несие көлемі 2,2 трлн. теңгені құрайтын шамамен 13 мың жобаға қолдау көрсетілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 14 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, 143 мыңнан астам жұмыс орны сақталды. Сонымен қатар кәсіпорындар тарапынан 27,7 трлн. теңгенің өнімі өндіріліп, бюджетке шамамен 2 трлн. теңге көлемінде салық түсімдері түсті.

ТҮРКІСТАН ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚ РЕТІНДЕ ЖАҢАША КЕЛБЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП КЕЛЕДІ

Түркістандағы «Киіз үй» кешенінде Түркістан облыстық мәслихаты мен Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен және Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен «Turkistan – 2026: Қожа Ахмет Ясауи мұрасын дәріптеу және ішкі туризмді дамыту» атты конференция өтті.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген туризмді дамыту, Қожа Ахмет Ясауи мұрасын кең көлемде насихаттау және оны ел жұртшылығына таныту бағытындағы тапсырмаларды жүзеге асыру.

Конференцияға облыс әкімінің орынбасарлары, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстар мәслихаттарының төрағалары мен өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары, аудандық және қалалық мәслихат төрағалары, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, ғалымдар, туристік операторлар қатысты.

Жиынды Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы Нұралы Әбішов жүргізіп отырды. Конференция барысында Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов облыс әкімінің құттықтау хатын жеткізіп, Ясауи мұрасын ұлықтау, туризмді дамыту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Қадірлі қонақтар, зиялы қауым өкілдері және сала мамандары! Баршаңызды «Қожа Ахмет Ясауи мұрасын дәріптеу және ішкі туризмді дамыту» атты тағылымы терең, маңызы зор конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Киелі Түркістан – ұлтымыздың рухани тамыры, түркі дүниесінің қасиетті бесігі. Бұл – тарих пен тағылым тоғысқан, бабалар аманаты сақталған, ұрпаққа ұлағат беретін қастерлі мекен. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы – халқымыздың ғана емес, барша түркі әлемінің ортақ рухани қазынасы. Оның тағылымы ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды нығайтуда ерекше маңызға ие. Бүгінде Мемлекет басшысының бастамасымен тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық құндылықтарды ұлықтау және туризм саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Осы игі бастамалардың нәтижесінде Түркістан жаңа даму кезеңіне қадам басып, халықаралық деңгейдегі рухани, мәдени әрі туристік орталық ретінде жаңаша келбет қалыптастырып келеді. Біздің міндетіміз – ұлы бабалардан қалған асыл мұраны сақтау ғана емес, оны келер ұрпаққа лайықты жеткізу, әлемге кеңінен таныту. Себебі рухани мұра – ұлттың жадын жаңғыртатын, елдің еңсесін көтеретін өлшеусіз байлық. Бүгінгі басқосу – руханият пен туризмді ұштастыратын, ғылыми ой мен нақты бастамаларды тоғыстыратын маңызды алаң. Бұл конференцияда айтылатын мазмұнды пікірлер мен тың ұсыныстар ішкі туризмді дамытуға, тарихи сананы нығайтуға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге жаңа серпін береді деп сенемін. Тәуелсіз еліміздің рухани тұғыры биік, Түркістанның мерейі үстем болсын! – деді Зұлпыхар Жолдасов.

Сондай-ақ конференцияда «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеубек Мұқашев, Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев сөз сөйледі.

– Бүгінгі конференцияның тақырыбы – «Ясауи мұрасы және ішкі туризм» – бір-бірімен терең байланысты ұғымдар. Туризмді тек экономика дейтіндер біржақты ғана ойлайтындар. Туризм дегеніміз – ең алдымен, тарихи сананы жаңғырту мен ұлттық рухты таныту. Туризм – мемлекеттің мәдени дипломатиясының маңызды құралы. Егер біз Түркістанды жай ғана туристік нысан ретінде қарасақ, онда оның терең мағынасын жоғалтып алуымыз мүмкін. Ең алдымен, ол рухани феномен. Сондықтан мұнда келген адам тек саяхат жасап қоймай, тарихи сана мен рухани сабақтастықты сезінуі тиіс, – деп атап өтті Төлеубек Мұқашев.

Оның айтуынша, Қазақстанның түкпір-түкпірінен мәслихат депутаттарының дәл Түркістанда бас қосуының да терең символдық мәні бар. Біріншіден, бұл – өңірлік саясат пен ұлттық руханияттың тоғысуы. Екіншіден – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің ұлттық мүддемен үндесуі. Үшіншіден – мәслихат депутаттарының тек әлеуметтік-экономикалық мәселелермен ғана емес, тарихи сана мен ұлттық құндылықтарды жаңғырту ісіне де жауапты екенін көрсететін маңызды қадам.

Конференцияда Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев баяндама жасап, ішкі туризмді дамыту мен киелі орындарды насихаттау мәселелеріне тоқталды.

– Мемлекет басшысының туризм саласын дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысында туристік әлеуетті арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. 2025 жылдың қорытындысымен өңірдегі орналастыру орындарында демалғандар саны 347,6 мың адамға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 14,7 пайызға артты. Ал тарихи орындарға келушілер саны 1 миллион адамға жетіп, 13 пайыздық өсім көрсетті. Бүгінде облыста тарихи-танымдық, экологиялық және емдік-сауықтыру туризмі қарқынды дамып келеді. Туризм саласына 133 млрд. теңге инвестиция тартылып, Түркістан қаласында бірқатар ірі туристік жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен қатар өңірдің туристік инфрақұрылымын жақсарту, визит орталықтарын ашу және туристік нысандарға апаратын жолдарды жаңғырту жұмыстары кезеңкезеңімен жалғасады, – деді Ертай Алтаев.

Бұдан бөлек Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті дінтану кафедрасының профессоры, философия және теология ғылымдарының докторы Досай Кенжетаев және Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Басқарма төрағасы – ректор міндетін атқарушы Бекежан Мырзаев мазмұнды баяндамалар жасады. Сонымен бірге Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы Мұрат Мұқаев, Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнәр Тойлыбаева және Шымкент қалалық мәслихатының төрағасы Бахадыр Нарымбетов та тақырыпқа сай ой қозғады. Қатысушылар Түркістанның өндірістік, рухани және туристік әлеуетін, даму деңгейін жоғары бағалады.

Жиын қорытындысында қатысушылар Түркістандағы бұл басқосудың ұлттық руханиятты, тарихи сананы және өңірлік дамуды тоғыстырған маңызды қоғамдық алаңға айналғанын атап өтті. Сонымен қатар Түркістанның халықаралық деңгейдегі мәдени, рухани және туристік орталық ретіндегі әлеуетін арттыру, Қожа Ахмет Ясауи мұрасын халықаралық деңгейде дәріптеу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі айтылды. Екі күнге созылатын конференция аясында қатысушылар Түркістан қаласы мен Отырар және Ордабасы аудандарындағы тарихи және туристік орындарды аралайды.



ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА ӘЛЕУЕТІ ЗОР КИЕЛІ МЕКЕН

Отырар ауданында «Отырар алқабының туристік әлеуеті: көне мұраға жаңаша көзқарас» тақырыбында ауқымды баспасөз туры ұйымдастырылды. Тағылымы терең іс-шараны «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы өткізді. Іс-шараға жергілікті және республикалық БАҚ өкілдері, интернет-басылым журналистері, сондай-ақ, музей-қорықтардың баспасөз хатшылары қатысты.

Тағылымды шараның мақсаты – Отырар алқабының бай тарихи-мәдени мұрасын кеңінен насихаттау, өңірдің туристік әлеуетін жаңа қырынан таныту және бұқаралық ақпарат құралдары мен жаңа медиа өкілдері арасында тиімді ақпараттық байланыс орнату болды.

Бағдарлама аясында қатысушылар алдымен ғасырлар сырын бойына бүккен қасиетті Арыстанбаб кесенесіне зиярат жасап, мұнда атқарылып жатқан жаңғырту жұмыстарымен танысты. Кесене ішіндегі төсеніштер жаңартылып, келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында арнайы құрбандық шалу орны жабдықталуда. Сонымен қатар, ұлт руханиятының жанашыры, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібекке арналған кесенеде де алдағы уақытта жөндеу жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

Бұдан кейін туристерге қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған Сапар орталығының жұмысы таныстырылды. Заманауи талаптарға сай жабдықталған орталықта келушілерге арналған қолайлы инфрақұрылым қарастырылған. Сондай-ақ орталық жанынан археологтар мен ғалымдарға арналған екі қабатты арнайы жатын орын салынған. Қатысушылар орталықтағы тарихи экспозициялар мен бірегей жәдігерлерді тамашалап, өңір туризмін дамыту бағытында жасалып жатқан игі бастамаларға оң бағасын берді.

Іс-шара барысында көне өркениеттің куәсі саналатын Отырар қалажұртына барып, тарихи-археологиялық маңызы зор ескерткіштермен танысты. Көне шаһардың тарихынан сыр шертетін нысандарға шолу жасалып, Отырардың Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды мәдени және сауда орталығы ретіндегі рөлі кеңінен баяндалды. Сонымен қатар, қатысушылар «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығының жартылған экспозициялық залдарын аралап, 2025 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құнды жәдігерлерді тамашалады. Бұл тың жәдігерлер көне Отырар тарихының тереңдігін айқындап, өңірдің ғылыми және мәдени маңызын арттыра түсті.





Баспасөз туры аясында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен тарихи нысандарға орнатылған заманауи турникеттер мен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ақпарат беретін QR-код жүйелері таныстырылды. Мұндай цифрлық мүмкіндіктер туристерге тарихи орындар туралы жан-жақты әрі қолжетімді ақпарат алуға жол ашады. Сонымен қатар Отырар өңірінің туризм саласын дамыту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізу бағытындағы өзекті мәселелер мен алдағы жоспарлар кеңінен талқыланды.

Айта кетейік, маңызды іс-шарада Отырар алқабының тарихи-мәдени құндылықтарын кеңінен дәріптеп қана қоймай, өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға бағытталған маңызды ақпараттық алаңға айналды. Көне тарих пен заманауи мүмкіндіктер үндескен Отырар алқабы бүгінде ұлттық мұраны ұлықтайтын әрі халықаралық туризмді дамытуға әлеуеті зор киелі мекен ретінде жаңа қырынан танылып келеді.

ТҮРКІСТАН ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ӘРІ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ

Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті шаһарға деген шетелдік туристердің қызығушылығын күрт арттырды. Ауқымды саяси шарадан кейін көне қалаға келуші туристер мен зиярат етушілер саны еселеп көбейіп, демалыс күндері ұшақ билеттерін табу қиындаған. Бүгінде сенбі-жексенбі күндері Түркістан бағытындағы рейстерге сұраныс бірнеше есе өскен. Қонақ үйлерде бос орын азайып, тарихи-мәдени нысандарда келушілер қарасы қалыңдаған. Әсіресе Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келетін зияратшылар саны күн санап артып жатыр.

Статистикалық деректерге сәйкес, 2025 жылдың қорытындысымен өңірге келген туристер саны 500 мың адамды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 15,9%-ға артқан. Шетелдік туристердің саны 23 мыңға жуықтаған. Өңірге саяхаттаған ТОП-5 елдің қатарына Өзбекстан, Қытай, Түркия, Ресей және Германия мемлекеттері енді. Орналастыру орындары көрсеткен қызмет көлемі 8,5 млрд. теңгеге жеткен. 2026 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 70 мың адамды құрап отыр. Ал жыл соңына дейін 550 мың туристке жеткізу жоспарлануда.

Тарихи нысандарға келушілер саны былтыр 1 миллион адамнан асып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 13%-ға өсті. 2026 жылдың 4 айының қорытындысымен аталған көрсеткіш 334,8 мың адамды құрады.

Туризм саласындағы серпінге халықаралық саммиттің де әсері зор болды. Сарапшылар Түркістанның түркі әлемінің рухани әрі туристік орталығы ретіндегі беделі күшейгенін айтады. Облыста бүгінде 300-ге жуық қонақүй мен орналастыру нысаны, 300-ге тарта демалыс аймағы қызмет көрсетеді.

Әуежайлар мен теміржол вокзалдарындағы жолаушылар ағынының артуы өңірдегі туристік белсенділіктің жоғары қарқынын көрсетуде. Туристік компаниялардың болжамынша, алдағы айларда келушілер саны одан әрі ұлғая түседі деп күтілуде.

Түркістан бүгінде тек Қазақстанның емес, тұтас түркі дүниесінің басты рухани орталықтарының біріне айналып келеді.

ТУРИСТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ ДЕМАЛЫС ОРНЫ БОЛМАҚ

Түркістан облысында туризм саласын дамыту бағытындағы ірі жобалардың бірі – заманауи аквапарк кешенінің құрылысы басталды. Жоба облыс әкімі Нұралхан Көшеров пен шетелдік инвесторлар арасындағы келіссөздер нәтижесінде жүзеге асуда.

Түркістан қаласында бой көтеретін демалыс кешенінің жалпы аумағы 120 мың шаршы метрден асады. Жоба аясында су аттракциондары бар аквапарк аймағы, кемпинг форматындағы қонақ үй, қабылдау орталығы мен банкет залын салу жоспарланған. Кешен отбасылық демалысты дамытуға және өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған.

Аквапарктың басты ерекшелігі – жыл мезгіліне бейімделетін инфрақұрылым. Жаз айларында су айдыны ретінде пайдаланылатын аумақ қыс мезгілінде картинг алаңына айналады деп күтіліп отыр. Осылайша нысан жыл бойы келушілерге қызмет көрсетеді деген сенім бар. Сонымен қатар мұнда биік сырғанақтар, торнадо үлгісіндегі аттракциондар, аква-қамал, кемпірқосақ сырғанағы және балаларға арналған интерактивті ойын аймақтары қарастырылған.

Жаңа туристік кешеннің құрылысы өңір экономикасына серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік жасайды. Жоба Түркістан өңірімен қатар, еліміздің өзге аймақтары мен шетелден келетін туристерге де қолайлы демалыс орны болмақ.

Айта кетейік, Түркістан облысы инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі жобаларды жүзеге асыру қарқыны артып отыр.

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ, РУХЫ МЫҚТЫ ӨҢІР

Түркістан қаласындағы «Ұлы Дала елі» кешенінде «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының бастамасымен «Digital Jastar. Цифрлық қоғам. Заң мен тәртіп» форумы өтті. Облыс жастарының диалог платформасына «AMANAT» партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова, партияның Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Түркістан облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаев, «Қазақстан КВН Одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушы Есен Елеукен қатысты.

Форумға қатысушылар алдымен Түркістанның туристік орталық ретіндегі мәртебесін айшықтайтын нысандағы тарихи экспозициялармен танысты. Дала мәдениетін, түркі дүниесінің ортақтығын білдіретін 3D проекциядағы тарихи оқиғалардың бейнереконструкциясын тамашалады.

Жастардың әлеуетін арттыруға, ел болашағына қызмет ететін белсенді буынның басын қосқан маңызды диалог алаңын партияның Түркістан облыстық филиалы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының жетекшісі Еркебұлан Мадиярұлы жүргізді. Ашық пікір алмасу алаңына аудан, қалалардағы партияның жас көшбасшылары, депутаттық корпус құрамындағы жаңа толқын қоғам белсенділері, жас кәсіпкерлер, студенттер, барлығы 300-ге жуық жастар қатысты.

Форум қатысушыларына құттықтау сөзін арнаған облыстық партия филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев жастардың қоғамдағы рөліне тоқталып, цифрлық технологиялардың дамуы мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру – уақыт талабы екенін айтты. Жастарды білімге, жауапкершілікке және белсенділікке шақырды.

– Түркістан облысы – жастарының әлеуеті жоғары, рухы мықты өңір. Өңірдегі жастардың үлесі 670 мың адамнан асады. Жас толқынның басым бөлігі – 75 пайызға жуығы ауылдарда тұрады. Сондықтан бүгінгі форумға 14 ауданның, облыстық маңызы бар 3 қаланың жастары қатысып отыр. Облыстық «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділерінің ішінен көшбасшылар іріктеліп, облыстағы 794 елді мекеннің барлығына бекітілді. Бізге белсенді жастар ғана емес, ел тағдырына жауапкершілікпен қарайтын, ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын саналы ұрпақ қажет деп белгіледік. Осы міндет аясында, «рухтастардың» 17 аудандық, қалалық бөлімше төрағалары, жоғары оқу орындары мен колледждердегі бөлімше жетекшілері және ауылдардағы 150 жас лидерлер «Жас көшбасшылар» курстарына қамтылды, – деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Еркін форматта өткен жиында Есен Елеукен қазіргі қоғамда жастар үшін сауаттылықтың бірнеше бағыты аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі заман жастары тек білімді ғана емес, сонымен қатар цифрлық, құқықтық, қаржылық және діни тұрғыдан сауатты болуы қажет деп байыптады.

– Қазіргі жастар технологияны жақсы меңгергенімен, кез келген ақпараттың рас-өтірігін ажырата білуі керек. Әлеуметтік желідегі әр мәліметке сене беру дұрыс емес. Саналы қолданушы ғана цифрлық қауіптердің алдын алады, – деді ол.

Осы тақырыпқа кеңінен тоқталған Қаржылық мониторинг агенттігі Түркістан облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаев ең алдымен цифрлық сауаттылық мәселесін қозғады. Ол қазіргі таңда интернет пен әлеуметтік желі адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанын айтып, жастардың ақпаратты дұрыс пайдалана білуі аса маңызды екенін жеткізді. Әсіресе жалған ақпараттың көбеюі, интернет алаяқтық, кибербуллинг және жеке деректердің қауіпсіздігі мәселелері қоғамда өзекті болып отырғанын атап өтті. Цифрлық сауаттылық тек гаджет қолдану емес, ақпаратты саралау, қауіпсіздікті сақтау және цифрлық мәдениетті қалыптастыру маңызды болып табылатынын жеткізді.

Форум барысында сөз сөйлеген Ақерке Искандерова технологияның қарқынды дамуына қоғам болып бейімделудің маңыздылығын атап өтті. Спикер өз сөзінде жасанды интеллектінің мүмкіндіктері артып келе жатқанын, оны саналы әрі тиімді пайдалану қажеттігін жеткізді.

– Бүгінде жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар өмірімізге терең еніп жатыр. Күн сайын жаңа платформалар, жаңа мүмкіндіктер пайда болуда. Мұның барлығы адам өмірін жеңілдетуге бағытталған. Бірақ кез келген технологияны дұрыс пайдалана білу өте маңызды. Жасанды интеллектіні саналы қолдану – қазіргі заманның басты талаптарының бірі. Әсіресе соңғы уақытта интернет алаяқтық фактілері көбейіп, көбіне зейнет жасындағы азаматтар түрлі алаяқтардың құрбанына айналып отыр. Осыған байланысты азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру аса маңызды. Осы бағытта «AMANAT» партиясы «Цифрлы қоғам» жобасын бастады. Жоба аясында тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік электронды қызметтерді пайдалану жолдарын түсіндіру, интернет қауіпсіздігі бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. «Жастар рухы» жастар қанатының еріктілері азаматтарға цифрлық қызметтерді пайдалануда тұрақты түрде көмек көрсетуде, – деді ол.

Форум барысында жастар спикерлерге өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ашық пікір алмасты. Қатысушылар әсіресе жасанды интеллектінің болашақтағы рөлі, әлеуметтік желідегі қауіпсіздік, интернет алаяқтықтан қорғану жолдары, қаржылық сауаттылықты арттыру және құқықтық мәдениет мәселелеріне ерекше қызығушылық танытты. Кездесу жастар үшін пайдалы пікір алаңына айналып, олардың заман талабына сай ой қалыптастыруына, құқықтық мәдениетін арттыруына және цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануына серпін берді деген сенімдеміз.

ЖАСТАР ӨЗДЕРІНІҢ ТЫҢ ЖОБАЛАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Оқу ордамызда Коммерцияландыру офисінің YASSAWI-инкубатор бағдарламасы аясында «Demo day» іс-шарасы өтті. Жиынның мақсаты – «YASAWI STARTUP» бизнес-инкубациялық бағдарламасының қатысушыларына оқу барысында қол жеткізген нәтижелерін таныстырып, өз стартап жобаларын сарапшылар алдында қорғауға мүмкіндік беру.

Сонымен қатар, жас кәсіпкерлердің идеяларын қолдауға мүдделі әлеуетті инвесторлар мен серіктестерге арнайы алаң ұсыну, қатысушылардың сала мамандарымен және кәсіпкерлермен байланыс орнатуына жағдай жасау.

Айта кетейік, бағдарлама аясында қатысушылар 12 апта бойы білім алып, стартап жобаларын дамыту бағытында жұмыс жүргізді. Арнайы семинарлар мен практикалық сабақтарға қатысып, жеке бизнес-трекерлермен де тәжірибе алмасты.

Сарапшылар қатарында CMTIS компаниясының вице-президенті, Business Consultant & Project Manager Асқар Абубәкірұлы, Түркістан облыстық, Жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Дінислам Нартайұлы, Жастар Рухы Жастар қанатының Түркістан облыстық филиалының басшы орынбасары Мырзабай Болатұлы, Атамекен кәсіпкерлік палатасының бірінші санаттағы сарапшы маманы Гүлдана Абданқұл, «ALLO PIZZA» жылдам тамақтану желісінің, «Rakhat Group» компаниясының негізін қалаушы Бекмырза Төлбасы және жеке кәсіпкер, «Magic Day» негізін қалаушы Гүлзада Рахманберді болды.



«Demo Day» барысында білімді жастар өздерінің тың жобаларын таныстырды. Жоба қатарында экологиялық, технологиялық және креа-тивті бағыттағы стартаптар да көпші-лік назарына ұсынылды.

Қатысушылар өз идеяларының артықшылықтары, мақсатты ауди-ториясы және болашақ мүмкіндіктері жөнінде кеңінен баяндады.

11 стартап жобаның ішінен 9 команда сарапшылардың шешімімен өз жобаларын сәтті қорғап, бағдарламаны толық аяқтап, арнайы сертификаттармен марапатталды.

«Demo Day» стартап жобаларды қорғау күні аясында қатысушылар өз жобаларының инновациялық ерекшеліктерін, технологиялық мүмкіндіктерін және нарықтағы маңызын жоғары деңгейде таныстырды.

Сарапшылар ұсынылған жобаларға оң баға беріп, қатысушылардың бастамалары мен идеяларына ерекше қызығушылық танытты.

Сонымен қатар, сарапшылар мен серіктестер тарапынан командаларға алдағы уақытта ынтымақтастық орнату, жобаларды бірлесіп дамыту және менторлық қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар қарастырылды.

Іс-шара жас кәсіпкерлердің стартап экожүйедегі белсенділігін арттырып, инновациялық жобаларды қолдау мен дамытуға айтарлықтай серпін берді.

ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен облыстық Жастар ресурстық орталығы бірлесіп ұйымдастырған «TUR WORKOUT – Тәртіпке тартыл» облыстық жастар турнирі Жетісай ауданында өз бастауын алды.

Жобаның ашылуына ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің генерал-майоры Ерболат Балғабаев пен аудан әкімі Серік Мамытовтың қатысты.

«Заң мен Тәртіп» идеологиясы аясында жүзеге асырылып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, тәртіпті, құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған жобаның жоғары деңгейде өтуіне Жетісай ауданының әкімдігі мұрындық болды. Жас буынның бойында жауапкершілік, патриотизм, заңға құрмет пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал ететін ауқымды бастамаға ауданның 14 пен 35 жас аралығындағы 200-ге жуық жас қатысып, бекітілген ережеге сәйкес белтемірге тартылып, қоссырықта жаттығу жасады. Жерден қолды бүгіп-жазу арқылы өзара мықтыларды анықтады. Айта кетейік, сайысқа қатысушылардың ең жасы 14 жаста болса, ең қарт қатысушы 76 жаста.

Сондай-ақ жоба аясында спорттық жарыстармен қатар танымал спортшылар, фитнес-жаттықтырушылары мен ұйымдастырушылар тарапынан жиналғандарға ақпараттық-түсіндіру кездесулері, мотивациялық алаңдар, профилактикалық әңгімелер және жастармен ашық диалогтар ұйымдастырылды.



Шара барысында жастарға дропперліктің қауіптілігі, банк карталарын бөтен адамдарға пайдалануға берудің заң алдындағы жауапкершілігі туралы түсіндіріліп, қатысушыларды қаржылық алаяқтықтан сақ болуға және «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстануға шақырылды.

Жоба аясында бекітілген кестеге сәйкес облыстың барлық аудан-қалаларында өтетін жарыстың аудандық кезеңдерінің үздіктері шілде айында ҚР жаңа Конституциясының қабылдану күні қарсаңында финалдық кездесулерде жеңімпаздарды анықтайтын болады. Оза шапқандар арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Айта кетейік, сайысқа қатысуға өтінімдер барлық аудан-қалалардағы «Жастар ресурстық орталықтары» арқылы қабылданады.

БІЛІМДІЛЕР БӘЙГЕСІ – ЖАСТАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН КЕҢЕЙТЕДІ

Қазығұрт ауданында «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында дәстүрлі «AL-FARABI» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. Зияткер жастардың басын біріктірген ауқымды жоба Қазығұрт ауданы әкімдігі мен аудандық прокуратураның қолдауымен өткізілді. Ашық аспан астында өткен білім бәйгесіне мұғалімдер, дәрігерлер, мемлекеттік қызметшілер, еріктілер және түрлі сала мамандарынан құралған 200 команда, 1000-ға жуық жас қатысты.

Салтанатты ашылу рәсімінде сөз сөйлеген Қазығұрт ауданының әкімі Азизхан Исмаилов аталмыш жобаның маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар мұндай ауқымды интеллектуалды алаңдар жастардың жанжақты дамуына, білімді әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға зор ықпал ететінін атап өтті.

Ал аудан прокуроры Руслан Абдраимов «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында өтіп жатқан бұл сайыс жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, әділдік пен парасаттылық құндылықтарын дәріптеуге бағытталған маңызды бастама екенін жеткізді.

Аталған сайыстың мақсаты – дарынды жастарды анықтау, олардың танымдық қызығушылықтарын арттыру арқылы білім деңгейін көтеру, сондай-ақ елімізде интеллектуалды ортаны қалыптастыру.

Сайысқа қатысушы командалар 3 кезең бойынша өз бақтарын сынады. Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған командаларға қаржылай сыйлықтар табысталды. Атап айтсақ, 1-орынды Қарақозы Әбдалиев атындағы мектеп командасы иеленді. Жүлде қоры – 300 мың теңге. 2-орын Қазығұрт аудандық орталық ауруханасының командасына бұйырып, оларға 200 мың теңге табысталды. Ал 3-орынды «Дарын» мектебі командасы жеңіп алып, 100 мың теңге сыйақымен марапатталды.



«AL-FARABI» интеллектуалды ойыны биыл 9-рет ұйымдастырылып отыр. Білімділер бәйгесі – жастардың ой-өрісін кеңейтіп, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ерекше алаңға айналды.

ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ ЗОР

Жастардың сапалы білім алып, саналы тәрбиемен сусындауына айрықша мән беріп келе жатқан «AMANAT» партиясы өскелең ұрпақтың болашағына бағытталған игі бастамаларды тұрақты түрде қолдап келеді. Осы бағыттағы тағылымы мол шаралардың бірі Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округіне қарасты Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектепте ұйымдастырылған «Мектебім, саған мың алғыс» атты салтанатты жиын болды.

Соңғы қоңырау күніне арналған мерекелік іс-шара мектеп түлектері үшін ерекше әсерге толы сәттермен есте қалды. Жиын барысында оқушылар ән айтып, би билеп, мектеппен қоштасудың әсерлі көріністерін сахналады. Ұстаздарға деген алғыс пен балалық шаққа деген сағынышқа толы көріністер көпшілік көңілін толқытты. Салтанатты шараға «AMANAT» партиясы Сауран аудандық филиалының төрағасы Сағынбек Асылбеков қатысып, мектеп бітіруші түлектерге ақжарма тілегін арнады.

Өз сөзінде ол жастарға артылар сенімнің зор екенін атап өтіп, осы бағытта «AMANAT» партиясы жастар саясатын күшейтіп, білім мен ғылымды дамытуға, жас буынның мүмкіндігін арттыруға бағытталған нақты жобаларды жүзеге асырып жатқанын түсіндіріп өтті.

– Бүгінгі соңғы қоңырау әр түлек үшін өмірдегі ең маңызды әрі ұмытылмас белестердің бірі. Бұл күн балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге қадам басатын ерекше сәт. Сіздер – Тәуелсіз Қазақстанның ертеңі, елдің болашағын қалыптастыратын буынсыздар. Сондықтан қай жерде жүрсеңіздер де білімге ұмтылып, еңбекқорлық пен адалдықты серік етулеріңіз қажет, – деді ол.

Сонымен қатар, мерекелік жиын барысында білім беру саласында ұзақ жылдар табысты еңбек етіп келе жатқан ұстаздарға «AMANAT» партиясы атынан алғыс хаттар табысталып, олардың өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі ерен еңбегі жоғары бағаланды. Шара соңында қатысушылар түлектерге ізгі тілектерін арнап, олардың жарқын болашағына сенім білдірді. Тағылымы терең мұндай кездесулер жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастырып, білім мен тәрбиеге деген құрметті арттыра түседі деген сенімдеміз.

ЖҮРЕКТЕ МӘҢГІ ҚАЛҒАН АСЫЛ АНА!



Бәрі де Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
Жасқандым ба,
Тек өзіңнен жасқандым.
Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,
Отанымның өзі сенен басталып.
Жауларыма жеткен жерден бітеді.
Қадыр Мырза Әлі

Қазақтың ер шаңырағында отбасының берекесін кіргізіп, ұрпағына өнеге болып, ағайынның ынтымағын сақтап отырған асыл аналар болады. Олар жай ғана бір әулеттің анасы емес, бүтін бір ауылдың ақылшысы, елдің ұйытқысы атанады. Сондай ардақты жандардың бірі – Жаңылхан Қажы Әбдірәсілқызы.

Жаңылхан апа тек отбасының тірегі ғана емес, адамгершіліктің, қарапайымдылықтың, сабыр мен парасаттың символындай болған жан. Ол кісінің өмір жолына қарап отырып, қазақ әйелінің шынайы болмысын көруге болады. Ибалылық пен ізеттің, еңбек пен мейірімнің, адалдық пен тазалықтың үлгісі болған асыл ана бүгінде артында өшпес із, өнегелі ұрпақ қалдырды. Жаңылхан апа Бәйдібек ауданының тумасы. Бәйдібектің дархан даласында дүниеге келіп, сол өңірдің тәлімі мен тәрбиесін бойына сіңіріп өсті. Қазақы тәрбиені жүрегіне түйген ол барған жерінде сыйлы келін, ардақты ана бола білді. Тағдыр оны Шымкент іргесінде орналасқан Жұлдыз (Бадам 2) ауылына келін етіп түсірді. Бұл ауылға ол тек келін болып қана келген жоқ, береке мен бірліктің, мейірім мен ізгіліктің нұрын ала келді. Ауыл үлкендері де, кішілері де Жаңылхан апаны ерекше құрметтейтін. Себебі, оның әр сөзі – парасат, әр ісі – өнеге болатын. Әшірбай атамызбен бірге тату-тәтті ғұмыр кешіп, шаңырақтың түтінін түзу ұшырды. Екеуі бір-біріне сүйеу болып, өмірдің ыстығы мен суығын бірге еңсерді. Осындай өнегелі отбасында 3 ұл, 2 қыз өмірге келді. Әр перзентіне адалдықты, еңбекқорлықты, үлкенді сыйлауды, елге қызмет етуді үйретті. Бүгінде сол тәрбиенің жемісін ел көріп отыр.

Үлкен ұлы Күмісбек ел сеніміне ие болып, Сайрам ауданының депутаты, Сайрам ауданы мәслихатының хатшысы болды. Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысының көлік және құрылыс салаларын басқарып, Оңтүстік Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы атанған. Төлеби және Сайрам аудандарының Құрметті азаматы. Бұл – ана тәрбиесінің, әке өнегесінің нәтижесі. Ал Байкен ағамыз Сайрам ауданы мәслихатының депутаты болған. Түлкібас және Сайрам аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Бүгінде Шымкент қаласы мәслихатының депутаты, кәсіпкер әрі халықтың қалаулы азаматы. Талай азаматты жұмыспен қамтып, ел дамуына үлес қосып келеді. Үшінші ұлдары Төкен де елге белгілі кәсіпкер атанып, халыққа аянбай қызмет етіп жүр. Қыздары Ғазиза мен Гүлнар да ибалы, тәрбиелі болып өсіп, өз жолдарын таңдап еңбек етуде. Жаңылхан апа тек өз балаларына ғана емес, айналасындағы барша жанға қамқор еді. Ағайын-туыс, көрші-қолаң, ауыл адамдары кезкелген мәселе туындаса, ең алдымен осы кісінің ақылына жүгінетін. Өйткені оның айтқан сөзі әрдайым әділ, орнықты, шынайы болатын. Ол ешқашан біреудің сыртынан ғайбат айтып, өсек тасыған жан емес еді. Керісінше, адамдарды татулыққа, бірлікке шақырып отыратын. «Түзу жүріңдер, адамға қиянат жасамаңдар» деп жиі айтатын. Оның өмірлік ұстанымы да осы болды.

Әшірбай атаның Сайрам ауданынан еншісін алып шыққан Қаратөбе ұжымшарының негізін қалаған жан екенін атап өткеніміз абзал болар.

Адал еңбек етіп, ешкімнің ала жібін аттамай өмір сүру Жаңылхан апаның бүкіл болмысына айналған қасиет еді. Қолынан келгенше адамдарға көмектесіп жүру оның күнделікті тіршілігінің бір бөлшегі-тін. Біреудің қуанышына шын қуанып, қайғысына ортақтаса білетін. Жоқ-жітікке қол ұшын созып, мұқтаж жандарға демеу болуды парыз санады. Сондықтан да ауыл адамдары оны ерекше жақсы көрді, құрметтеді. Жаңылхан апаның жүрегіндегі ең үлкен қасиеттердің бірі имандылық еді. Ол кісі дінді құрметтеп, мұсылмандық жолды берік ұстанды. Әшірбай атамызбен бірге қасиетті Қажылық сапарын өтеп, аналар арасынан алғаш ауылдан қажы апа атанғаны соның айқын дәлелі. Бұл сапар олардың рухани дүниесін одан әрі байытып, жүректеріндегі мейірімді тереңдете түсті. Қажылықтан келгеннен кейін де Жаңылхан апа айналасына сабыр мен ізгіліктің сәулесін шашып жүрді. Оның жүзінен әрдайым мейірім төгіліп тұратын. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – оның өмірлік қағидасы еді.

Қазақта «Ана – үйдің берекесі» деген сөз бар. Бұл сөз дәл Жаңылхан апаға арналғандай. Ол кісі отырған үйден жылылық есіп тұратын. Балаларының басын қосып, немере-шөбересінің қызығын көріп, әулеттің алтын діңгегіне айналды. Осындай асыл жанның 85 жасында дүниеден өтуі отбасы үшін ғана емес, бүкіл ауыл үшін ауыр қайғы болды. Өйткені ел ардақтаған анадан айырылу – үлкен қасірет. Бірақ жақсы адамның артында жақсы сөзі мен ісі қалады. Жаңылхан апаның жарқын бейнесі, тағылымға толы ғұмыры, айтқан өсиеті халық жадында мәңгі сақталады. Ол кісінің өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі. Ана болудың, келін болудың, адам болудың биік мектебі. Бүгінде ұлқыздары мен немере-шөберелері сол кісінің тәлімін жалғастырып келеді. Жаңылхан апа өмірден өтсе де, оның мейірімі мен тәрбиесі, адамгершілігі мен парасаты артында мәңгі жасай береді. Себебі, шынайы жақсы адамдар ешқашан ұмытылмайды. Жаныңыз жәннатта, иманыңыз жолдас болсын, ардақты ана! Артыңызда қалған ұрпағыңызға ғұмырыңыз мәңгілік өнеге болып қала береді.

Сондықтан да оның отырған ортасында әрдайым жылылық пен сыйластық сезіліп тұратын. Жаңылхан апаның дүниеден озуы бүкіл ауылға ауыр тиді. Оның жаназасына жиналған халық қарасының көп болғаны соншалық ине шаншар орын болмады. Бұл бір адамның өмірде қандай із қалдырғанының, халық жүрегінен қандай орын алғанының айқын көрінісі еді. Жаназаға ел ағалары, замандастары, ағайын-туыс пен ауыл тұрғындары ғана емес, кезінде қызметтес, сыйлас болған көптеген азаматтар арнайы келді. Жаназа күні ауыл іші қаралы күйге енді. Алыс жақыннан ағайын-туыс, ел ағалары, дос-жарандар ағылып келді. Жұрттың көп болғаны соншалық жаназада ине шаншар орын қалмады. Бұл Жаңылхан апаның халық жүрегіндегі орнын көрсеткен үлкен құрмет еді.

Сол күні қаралы жиында қабырғасы қайысып тұрған азаматтардың бірі Айдархан Бабишов болды. Ол кісі кезінде Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданында прокурор қызметін атқарған, полковник, әділет кеңесшісі дәрежесіне дейін көтерілген елге белгілі азамат. Айдархан ағамыздың Жаңылхан апамен таныстығы 1997 жылы екінші ұлы Байкен ағамыз арқылы басталған болатын. Арада жылдар өтсе де, сол сыйластық үзілмеген. Жаңылхан апаның парасаты мен аналық мейірімі Айдархан ағамыздың жүрегінен ерекше орын алған еді.

Жаназа үстінде ол кісінің жүзінен ауыр қайғы анық байқалды. Көзіне жас алып, жәй ғана бұрылып...

– Қуаныш, інім, – деді даусы дірілдеп.

– Жаңылхан апам… менің де апам болып кетіп еді…

Бір сәт үнсіз қалды. Жұрт та тына қалды.

– 1997 жылдан бері таныс болдық. Тек қана таныс емес екінші анамдай болып бар мейірімін төкті. Қаншама жерде жүрдік… Бірақ дәл Жаңылхан апамдай кең жүректі, мейірімді адамды сирек кездестірдім… Үйіне барсақ, туған баласындай қарсы алатын… Ақылын айтып отыратын… Осындай адамдар кетсе, бір дәуір кетеді екен ғой…

Айдархан ағамыз сөзін аяқтай алмай, жанарын төмен түсірді. Даусы дірілдеп, көңілі босап тұрды.

– Бүгін мен тек бір адамды емес… өз апамды шығарып тұрғандаймын… – деді ауыр күрсінді Айдекең.

Сол сәтте қаралы жиындағы көпшілік те көз жасына ерік берді. Себебі бұл сөздер жүректен шыққан шынайы сөз еді. Жаңылхан апаның қандай жан болғанын дәл осы бір ауыз сөздің өзі-ақ аңғартып тұрғандай еді. Шынында да, Жаңылхан апа айналасына мейірім сыйлап өткен адам болды. Ол ешкімді жат көрмейтін. Қарапайымдылығының өзінде үлкен парасат жататын. Сондықтан да ел оны туған анасындай көрді, ардақтады. Қазақта «Адамның жақсысы – артында қалған ізінен танылады» деген сөз бар. Жаңылхан апаның артында қалған ізі – тәрбиелі ұрпағы, елдің істық ықыласы, халықтың жүрегінде сақталған асыл бейнесі. Бүгінде оның өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге. Ана болудың, адал болудың, адам болып өмір сүрудің шынайы үлгісі. Жаңылхан апаның мейірімі мен даналығы оны көрген жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Домалақ анамыздың асыл қасиеті бойына сіңгендей барша қазақ аналарының үлгісі болған Жаңылхан апаны ел сағынышпен еске алады. Уақыт өтсе де, мұндай асыл аналардың есімі ұмытылмайды. Жаны жәннатта, иманы саламат болсын, ардақты ана. Сіздің ғибратты ғұмырыңыз бен аналық мейіріміңіз ұрпақ жадында мәңгі жасай береді!

Әрине, қабырғасы қайысқан жұрт әлі де ұл-қыздарына көңіл айтып жұбатып жатады. Бұл түсінікті. Бірақ біз Қажы апамызды келместің кемесіне мініп кеткенін білеміз. Әліде іздейміз, сағынамыз кейде тіпті сенбейміз. Үйдің төрінде ақ жаулығын жамылып көптің тілеуін тілеп, ақылын айтып отыратын. Құлағымыздан «Әй, тәнір-ай» деген үйреншікті сөзі кетпейді. Үйдің әр бөлмесінен Аллаға шүкір айтып отыратын анамыздың бейнесі мен дауысы жадымызда мәңгі сақталары анық. Апамызға бағышталған құрандарымыз жеті күндік асында, қырық күндік асында, жылдық асында, әр бейсенбі сайын оқылатын құран сауаптарымыз, дұға тілектеріміз қабыл болсын! Қабірін нұрлы, жанын жәннаттан ете гөр! – деп бізде алақан жайып дұға етеміз. Жүректе мәңгі қалған – асыл, ардақты, аяулы ана өзіңіз Жаңылхан апа!

Республикалық «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің ұжымы да ұлттың анасы Жаңылхан Қажы анамыздың рухына тағзым етіп, ұл-қыздарына қайғыра көңіл айтады.

Қуанышбек БОТАБЕКОВ,
Республикалық «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің редакторы, журналист

● МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

ТАБЫС ТҮСІРЕТІН НАУҚАН ЕМЕС

Бас мүфти Құрбан айтқа дайындықта нені ескеру керегін айтты

Биыл Құрбан айт 27 мамырда басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Құрбан айт – тек діни мейрам емес, сондай-ақ қоғамның бірлігін нығайтатын, азаматтар арасындағы өзара жанашырлықты арттыратын мереке екенін айтты.

Оның сөзінше, Құрбан айтта жақсылық және қайырымдылық жасау, адамгершілік көрсету, кеңдік таныту, араздасқан адамдардың татуласуы тәрізді құндылықтар көрініс табуы керек.

– Бағзы заманнан бері Ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша дайындықпен қарсы алған. Малдың ең үлкенін әрі жақсысын құрбандыққа шалып, құрбандық етін көмекке мұқтаж жандарға тарату, қонақ күтіп, үлкеннің бата-сын алу, сыйлық-кәде беру, ренжіткен жанды кешіру, отбасын қуанышқа кенелту сынды амалдар – дәстүрімізде қалыптасқан изгі құн-дылықтар, – дейді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сонымен бірге, ол Құрбан айттың төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді насихаттауда да маңызы зор екенін айтады. Себебі, мереке күндері еліміздің әр өңірінде дін мен дәстүр сабақтастығын көрсететін іс-шаралар өткізіледі.

– Облыстық, қалалық және аудандық мешіттердің ауласында киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен арнайы сайыстар ұйымдастырылады. Жер-жерде мәдени-рухани кештер өткізіледі. Осы ретте еліміздегі барша жамағатты ұлттық киімдерімізді киіп, айт мерекесін дәстүрімізге сай ұлттық нақыштармен өткізуге, игі бастамаларымызға белсенді түрде атсалысуға шақырамын, – деп үндеу жасады Бас мүфти.

Оның айтуынша, Құрбан айт – пайда табатын, кіріс түсіретін науқан емес. Керісінше, жұрт бір-біріне түсініс-тікпен қарап, жеңілдік жасағаны абзал. Әсіресе, мал саудасымен айналысатындар бағаны аяқ астынан шарықтатпай, ынсап пен адамгершілікті ұстанғаны жөн.

– Құрбан айт – тек діни мереке ғана емес, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын, қайырымдылықты паш ететін рухани мейрам. Осы орайда еліміздегі барша кәсіпкер азаматты Құрбан айтта мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға үндеймін, – дейді ҚМДБ төрағасы.

Одан бөлек, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы халыққа қолайлы әрі ашық қызмет көрсету мақсатында бірнеше жылдан бері еліміз бойынша qurban.muftyat.kz онлайн құрбандық



платформасын жүзеге асырып келеді. Бұл жоба ҚМДБ бастамасымен 2020 жылдан бері тұрақты түрде жұмыс істеп, жыл сайын техникалық тұрғыда жаңартылып, жетілдіріледі.

Онлайн құрбандық жобасы азаматтарға құрбан шалу рәсімін заманауи цифрлық форматта оңай әрі сенімді түрде орындауға мүмкіндік береді. Ол мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуді жүйелі ұйымдастыруда тиімді құрал болып отыр.

Платформаны қолдану да өте жеңіл. Құрбан шалуға ниетті азаматтар qurban.muftyat.kz сайты арқылы онлайн тапсырыс беріп, банктің мобильді қосымшасы арқылы төлем жасайды. Содан соң, өтінімнің орындалу барысын онлайн бақылай алады. Құрбандық шалынғаннан кейін, тапсырыс берушіге SMS хабарлама және арнайы бейне есеп жолданады. Бас мүфтидің пікірінше, бұл – ашықтық пен сенімділікті қамтамасыз ететін маңызды қадам.

– Біздің мақсатымыз – халыққа барынша оңтайлы қызмет көрсету ғана емес, қайырымдылық мәдениетін дамыту, мұқтаж жандарға дер кезінде көмек жеткізу және діни қызметті цифрлық технологиялармен ұштастыру. Онлайн құрбандық платформасы бүгінде ел игілігіне қызмет етіп отырған әлеуметтік әрі рухани маңызы зор жобаға айналды. Діни басқарма жанынан құрылған арнайы жұмыс штабы айт күндері құрбандық еттерін мақсатты орындарға жеткізіп береді, – дейді дінбасы.

Ал ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай қажы Құрбанұлы құрбан шалудың негізгі діни талаптарын атап өтті. Оның сөзінше, құрбандыққа қой, ешкі, сиыр және түйе шалынады. Малдың жасына қатысты да нақты нұсқаулар бар екен.

– Құрбан шалу – дүниесі жеткілікті, зекет беретін мұсылман адамға уәжіп. Шариғатымызға сай, құрбандық – малды белгіленген уақытта шын ниетпен бауыздау. Құрбан айт намазы оқылғаннан кейін, яғни айттың бірінші күні таңнан бастап, шалуға болады. Құрбандыққа шалынатын малдар – қой, ешкі, сиыр және түйе. Нақтырақ айтсақ, қой мен ешкі бір жастан асқан болуы керек. Сиыр екі жаста, түйе бес жаста болуы шарт, – дейді Сансызбай қажы Құрбанұлы.

Тағы бір айта кететін жайт – мерекенің үшінші күні ақшамға дейін құрбан шалуды тоқтатқан жөн. Мамандар рәсімді Құрбан айттың үшінші күні түнде атқаруды құптамайды.

Сансызбай қажы Құрбанұлының мәліметінше, қой мен ешкіні бір адам шалса, ал сиыр мен түйені жеті кісі бірігіп шалуына шариғатта рұқсат етіледі. Бірақ бұл іске бәрі де шын ниетпен атсалысуы маңызды.

Сондай-ақ, құрбандық малының етін үшке бөлген дұрыс. Бірін өзіміз жеп, екіншісін туғантуысқа таратып, ал үшінші бөлігін жетім-жесір мен жарлы-жақыбайға үлестіру сауапты болмақ. Кімде-кім барлық етті түгел таратамын десе, оған тыйым жоқ.

Қалаларда құрбан шалғанда, мал бауыздайтын арнайы орынның болуы да өзекті мәселе. ҚМДБ төрағасының орынбасары Ермек қажы Қасболатұлының сөзінше, ондай орындар еліміздің барлық аймағында бар. Ал Астана қаласында «Big Шанхай», «Баракат» және «Жайлау» базарларында құрбан шалу рәсімі орындалады.

Сонымен қатар, ол мал құны тақырыбына да тоқталды.

– Мал бағасына келсек, оны кәсіпкерлер мен шаруалар өз жағдайына қарай белгілейді. Ал qurban.muftyat.kz сайтында тапсырыс беру арқылы онлайн шалынатын мал бағасын біз нарыққа сай қойдық. Ол үшін әр облыстан ақпарат сұратып, өңірлерде түлік құны қанша болып жатқанын зерттедік. Соның нәтижесінде белгіленген бағаларды qurban.muftyat.kz сайтынан көруге болады, – дейді Ермек қажы Қасболатұлы.

Сонымен бірге, Бас мүфти кәсіпкерлерді Құрбан айт қарсаңында мал бағасын көтермеуге шақырды.

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА

● ӨНДІРІС ӨРІСІ



ШИКІЗАТТЫ ТЕРЕҢ ӨҢДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУЕТ НЫҒАЯДЫ

2026 жылдың 26 мамыр күні Жаңатас қаласынан 18 шақырымдай жерде "ЕвроХим" компаниясы Қазақстанда күкірт қышқылын өндіретін жаңадан салынған өндірісті іске қосу рәсімі өтті.

Кеше Жамбыл облысында "ЕвроХим"компаниясының жаңа күкірт қышқылын өндіретін зауытының салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, Қазақстанда күкірт қышқылын өндіретін жаңадан салынған өндірісті іске қосты.

Салтанатты жиынды облыс әкімі Ербол Шырақбайұлы ашып, өз сөзінде:

– Химия өнеркәсібі 32 пайызын құрайды, 44 зауыт, шағын кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл кәсіпорын жыл сайын сегіз жүз мың тонна күкірт қышқылын өндіретін болады. Биыл облыс бойынша 47 инвестициялық жобаны іске қосамыз, – деді.

Жоба еліміздегі ең ірі индустриялық бастамалар қатарындағы маңызды химия кешендердің бірі саналады.

Жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылуда. Инвестициялардың жалпы көлемі 1 млрд. доллардан асады. Кешен құрылысы үш кезең бойынша жүргізіледі:

▪ 2016 жылы бірінші кезең аясында жылына 840 мың тонна фосфорит ұнын өндіретін тау-кен кешені салынды;

▪ Бүгін 2026 жылы екінші кезеңде күкірт қышқылын өндіретін зауыт іске қосылды;

▪ үшінші кезеңде 2027 жылы минералды тыңайтқыштар мен индустриялық өнімдер шығаратын химия кешенін пайдалануға беру жоспарланған.

Бүгін Іске қосылған күкірт қышқылы зауытының жобалық қуаты жылына 800 мың тоннаны құрайды. Жаңа өндіріс орны фосфорит шикізатын өндірумен қатар, химиялық өнімдер мен минералды тыңайтқыштарды шығаратын толық циклді өндірістік кешеннің құрамына енеді.

Өндірілетін күкірт қышқылы болашақ химия кешенінің қажеттіліктеріне, сондай-ақ елдің ішкі нарығының сұранысын қамтамасыз етуге пайдаланылатын болады.

Жобаның толық іске асыру нәтижесінде 1200-ден астам жаңа жұмыс орны ашылып, салық түсімдері де артады. Қазақстанның шикізатты терең өңдеу саласындағы әлеуеті нығаяды және аграрлық секторды заманауи тыңайтқыштармен қамтамасыз ету деңгейі де артады.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ

ҒАСЫРҒА СОЗЫЛҒАН ҚАТЕ



Серік ЕРҒАЛИ,
қоғам қайраткері, көсемсөзші, журналист, мәдениеттанушы, этнолог

ТІЛ БІР БАСҚА, ЖАЗУ ЖҮЙЕСІ БІР БАСҚА...

Қазақ тілі – агглютинатив тіл. Оның негізгі тұрғысы, принципі – үндестік заңы. Сөздің әр буыны бір-бірімен үйлесіп, тұтас дыбыстық жүйе құрайды. Бірақ буынның үйлесімін құрайтын не? Сингормология ғылымымен айқындалған **сингема** деген үндес қосар дыбыстар. Бұл тұжырымға белгілі дыбыстанушы, сингормолог-ғалым Әлімхан Жүнісбектің «Сингормология» еңбегіне (Алимхан Жунисбек. «Сингормология или неизвестный сингармонизм», «Абзал-Ай» баспасы, Алматы, 2020 ж.) сүйеніп отырмыз. Қазақ тілі фонологияға емес, сингормологияға қарап талданатыны осы еңбекте дәйектелген.



Ал біздің жазу жүйеміз – флектив тілдерге тән алфавитке сүйенген. Яғни, әр дыбысты жеке таңбамен беруге негізделген. Ал әр дыбысты фонологияда **«фонема»** атайды да, соны дыбыс жүйесінің бірлігі санайды. Міне, қазақ жазуы бір ғасыр бойы неліктен флектив жазулы жүйеге бағынбай келеді? Ал біз оны шырылдатып, зорлап бағындыра жазып жүрміз. Осы екі түрлі табиғаттың қақтығысы қазақ жазуының ғасырлық мәселесіне айналды.

Соның кесірінен қазақ тілінде:

- жазым мен айтым алшақ;
- емле күрделенді, бір-біріне қайшы қағидалар туды;
- тіл табиғаты көмескіленді, үндестік заңы аяқасты бола бастады.

Қазіргі 42 әріптен тұратын әліпби шын мәнінде қазақ тілінің емес, орыс пен қазаққа ортақ жүйе екені және ол қазақ тілінің пайдасына шешілмегендігі талай айтылды. Демек, біз өз тілімізді өгей тілдің жүйесіне салып, өзгенің ережесімен жазып, оқып, сөйлеп отырмыз.

Ә.Жүнісбек бұл еңбекте былай жазды:

- Үнді-еуропа флектив тілдерінің (мысалы, орыс) акцентті (екпінші) дыбыс талданым амалы – **акцентология**;
- Оңтүстік-азия буыншыл тілдерінің (мысалы, қытай) әуенді (буыншыл) дыбыс талданым амалы – **тонология**;
- Орал-алтай агглютинатив тілдерінің (мысалы, қазақ) әуезді (үндесім) дыбыс талданым амалы **сингормология** –деді.

Бұл нені білдіреді? Демек, қазақ тілінің дыбыстану саласы түгелімен екпіншіл дыбыс талданым амалына түсіп кеткен! Яғни акцентологияны жастық етіп, ал төл дыбыс талданым амалы – сингормологияны тәрк етіп келген! Ал бұдан әрі не болмақ еді? Бұдан әрі тілдің айтымы мен жазымы үнді-еуропалық флектив тілдердің акцентология амалымен жатып-тұрып жатыр деген сөз.

Сол себепті де, екпін атымен жоқ қазақ тіліне біз «қазақ тілінде сөздің соңғы буынына екпін түседі» деген «екпінді» ереже шығардық. Ал сіз әрбір қазақ сөзінің соңғы буынын екпіндетіп сөйлеп көріңізші: ауа жетпей тұншығып қаласыз. Бұл өз тілімізге өгей тілдің заңдылығын тықпалаудың бағасын білдіреді.

Тағы бір «жұғыспалы» дертке назар аударайық. Қазақ тілінің жатып-тұруы бүгінде буынға байланып қалған. 1 сыныпқа келген қаршадай балаға буынды оқытып, басын қатырамыз: ашық буын, тұйық буын... Онымен қоймай, әріпті енді таныған балаға буынға бөліп оқытамыз. Әлгі мұрнын сүртуді енді үйренген балақан әріпті бас алып оқудан бұрын әуелі буынмен танысып, оның түрлері мен сипаттарын оқып, ауылды бірнеше рет айналып шығуы керек екен. Ол неге қажет? Ау, буынсыз жерге пышақ ұрмай-ақ, әріппен танысып алып, ежіктеп оқуға неге кірісе бермейді? Сонда сөзді оқу үшін де оның қандай буыннан тұратынын, оны қалай бөлу керегін, қайтіп оқитынына бас қатыру қайдан келген шарт?

Өз басым 1968 жылы 1 сыныпқа барғанда әліппемізде буын болған жоқ, бірден ежіктеуге көштік те, 1 айға жетпей жүргізіп оқып кеттік. Ал қазіргі бала буынға сүрініп оқи алмай, оқығасын ол сөздің не екенін тани алмай, ақыры оқуға деген ынтасы қашып, қазақ тілі дегенде азар да безер болатын жүгірмекке айналып, орыстанып жатыр...

Мысалы: астана деген сөзді бұрын **а+ыс+ты+а+ны+а** - «АСТАНА» деп оқи салмаушы ма едік? Ал енді: **ас+та+на** деп оқытады. Бірақ бұны зерек оқушы не дайындығы бар бала ғана оқи алады. Ал қаріпті енді таныған бала оқи алмайды. Сонда не дегіміз келіп отыр? Жоғарыда аталған еңбектегідей үндескіш дыбыстардың жүйесінен тұратын қазақ тілін қытайдың буыншыл дыбыс талданым амалы – **тонологияға** салып жібердік дегіміз келіп отыр! Және солай да!

Қазақ тілін айтып, жазуға буын тақырыбы керек пе? Жоқ, керек емес! Ашық-тұйық буындарды филологтар мен лингвистер оқи берсін, талдай берсін. Баланың басын қатырып керек емес. Оны теорияшылдар қарастыра берсін. «Сонда қалай? Тасымалды қайтеміз?» - деушілер міндетті түрде шығады. Тасымалға бас қатырып керек емес. Бүгінгі тілдерде тасымал мәселесі де, өзі де жоқ. Жұртты тілден жиіркентетін теория мен ережеден, оның болмағаны дұрыс!

Ә.Жүнісбек сингармо жазу жүйесінің барлық терминдерін қалыптастырып кетті, тек сингевит жазу жүйесін «алфавит» күйінде қалдырған. Бірақ акцентологияның алфавиті жазу жүйе ретінде сингармологияға жарамайды, оның өзіне тән СИНГЕВИТ жазу жүйесі бар. Соны мойындауымыз керек.

ҚАЗАҚ СИНГЕВИТІ (АГГЛЮТИНАТИВ ЖАЗУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША)

№	Дауысты дыбыс (Сингема)	Үндескіш дауысты үншелер (Аллосингема)	ТАҢБА (синготаңба)
1	А	а,ә	Аа
			Әә
2	Ы	ы,і,ұ,ү	Ыы
			Іі
			Ұұ
			Үү
3	О	е,о,ө	Ее
			Оо
			Өө
№	Дауыссыз дыбыс (Сингемалар)	Үндескіш дауыссыз үншелер* (Аллосингема)	ТАҢБА (синготаңба)
1	Бы	бы/ыб,бі/іб, бұ/ұб,бү/үб	Бб
2	Ғы/Гі	ғы/ығ, гі/іг, ғұ/ұғ,гү/үг	Ғғ
			Гг
3	Ды	ды/ыд, ді/ід, ұд/дұ,үд/дү	Дд
4	Жы	жы/іж, жі/іж, жұ/ұж, жү/үж	Жж
5	Зы	зы/ыз, зі/із, зұ/ұз, зү/үз	Зз
6	Й	ый,ій,ұй,үй	Йй
7	Қы/Кі	қы/ық, кі/ік,құ/ұқ, кү/үк	Ққ
			Кк
8	Лы	ыл/лы, іл/лі, ұл/лұ,үл/лү	Лл
9	Мы	ым/мы, ім/мі,ұм/мұ,мү/үм	Мм
10	Ны	ын/ны, ін/ні,ұн/нұ,үн/нү	Нн
11	ыҢ	ың, ің,ұң,үң	ң
12	Пы	пы/ып, пі/іп,пұ/ұп,пү/үп	Пп
13	Ры	ыр/ры, ір/рі,ұр/рұ,үр/рү	Рр
14	Сы	сы/ыс, сі/іс,ұс/сұ,сү/үс	Сс
15	Ты	ты/ыт, ті/іт,тұ/ұт,тү/үт	Тт
16	ұУ	ұу,үу	Уу
17	Шы	шы/ыш, ші/іш,шұ/ұш,шү/үш	Шш

*Бұл дауыссыз аллосингемалар саны Ә.Жүнісбекте – 66, біз оған 56 үнше қостық, дауыссыз үншелер саны барлығы – 122; дауысты үншелерді қосканда, аллосингемалардың жалпы саны - 131. Бұларды сәйкесінше 28 таңбамен жазу мүмкіндігі бар.

Қазақ тіліне арналған төл жаңа жазу жүйесі **9 дауысты аллосингема** (3 сингема), **дауыссыз 122 аллосингемадан** (17 сингема) тұратын агглютинатив тілге арналған төрк тілдері арасында тұңғыш фонография жүйесі болып табылады. Аталмыш фонография жүйесін алфавит емес, сингевит атап отырмыз. Өйткені, бұндағы жазу бірлігі **әріптер емес**, **синготаңбалар** болып табылады.

Й МЕН У: ШЕШІЛМЕГЕН ШИЕЛЕНІС

Қазақ жазуындағы ең үлкен түйткіл – Й мен У дыбыстары. Бұл мәселе бүкіл ХХ ғасырды көктей өтіп, біздің дәуірге жетіп отыр. Ахмет Байтұрсынұлы оларды «жарты дауысты» деп танығанымен, нақты орны айқындалмай қалды. 1925 жылғы Білімпаздар жиынында бұл мәселе дауысқа салынып, толық шешім таппады.

Содан бері:

- Й бар ма, жоқ па?
- У – дауысты ма, дауыссыз ба?
- Қосар ма, дара ма?

деген сұрақтар әлі күнге жалғасып келеді. Бір ғасыр бойы шешілмеген мәселе – жүйенің қате екенін көрсетіп отыр.

Біздің мақсат – мәселені қоздату емес, қозғау да емес, шешуге үлес қосу. Шындығына келгенде Й мен У мәселесі бір ғасыр бойы акцентология талдам амалына сүйеніп қана зерделеніп келді, бірақ бұл дыбыстардың табиғаты ақыры толық ашылмай қалды.

ЖҰБАНОВ КӨРСЕТКЕН ЖОЛ

Құдайберген Жұбанов бұл түйткілді ерте түсінді. Ол Й мен У-дың дара емес, қосар дыбыстар екенін ерте сезген бірден бір ғалым. Бұл тақырыпқа арнаған оның «Қосар ма, дара ма?» («Қазақ тіл білімінің мәселелері» Қосар ма, дара ма?, 1935 ж.) деген мақаласы осы күнге дейін жөн сілтеп келді. Бірақ оның мазмұнын ұқпай келіппіз. Бұл мақала арқылы Құдайберген профессор алғаш рет қазақ тілінің дыбыс талдау амалы сингормология екеніне маңдай тіретіп еді. Агглютинатив тілдерге арналған теорияның сол кезеңде мардымсыз болуынан ол мұны көсіліп шеше алмады, уақыты да болмады. Ерте атылып кетті.

Қазақ тілінің флектив емес агглютинатив тілдер тобына жататынын танытқан теория ХХ ғасыр басында ғана тарай бастады. Бұған алғышарт болған XIX ғасырдағы немістің А. Шлегел, Х. Штейнтал, В.Гумболд, А. Шлейхер сияқты лингвистерінің тілдерді морфологиялық жіктеуге негіздеген ілімдері болатын.

Әрине, қазақ тілінің үндестік заңына бағынатын агглютинатив тіл екенін ерте білген А. Байтұрсынұлы атамыздан бастап, күні бүгінге дейін тіліміздің үндестік заңына қатысты табиғатын ашуға қосылған үлестер аз емес, жеткілікті. Бірақ бұл еңбектердің барлығы да сол баяғы акцентология дыбыстаным амалына иек артқандықтан, тілдің төл табиғатын ашуға толық ресурс бола алмады. Бұған басты айып – тілтанудың тарихы емес, тілтаным ғылымының теориялық қырын кеткендігі мен қызыл империяның идеологиясы шырмаған бұғаудан шығудың мүмкін болмағандығы.

Соның кесірінен әлі күнге басқа жолдың жоқтығына сүйенген дерт меңдеді. Тіпті тілтаным теориясына қомақты үлес қосқан «Сингормология» еңбегінің авторы Әлімхан Жүнісбек ағаның өзі Й мен У мәселесіне келгенде толық жолды көрсете алмай, кібіртіктеді. Оның акцентологияға негізделген буыншылдық қағидаты өзінің ашқан керемет заңдылығын практикаға енгізуге кедергі болды. Сол себепті де, Әлекең «бір дыбыс – бір таңба» қағидатын алға бастыруға ұмтылып, жазымның барынша тиімділігін құптаған Уәли Нұргелді ағамызбен тиімсіз тартысқа барды. Өйткені, сарапқа дыбыс/фонема емес, үндескен қосар/сингема дыбыстар түсуі керек еді.

Ендеше, бұл жайтты бір ғасырға созылған мәселе ретінде тілтану ғылымының тәуелсіз бола алмағандығының салдары десек – барынша әділ. Сонда ешкімді де кінәлауға қақымыз болмайды. Бұл мәселенің ғасырға созылуына ешкім де кінәлі емес, қазақтың бодандығы кінәлі!

Сингормологияға барынша дендеген Қ.Жұбанов әлгі даулы дыбыстарды дара емес, «қосар дыбыстар» атауы мәселені шешуге деген бір қадам болды. Сөйтіп ол акцентология тұрғысынан әр дыбысты дауысты-дауыссыз не жарты дауыс деген бағалардан арылтып, оларға сингормология тұрғысынан қарады. Бұны «Сингормология» еңбегінің мазмұны бойынша бағаласақ: Й мен У дыбыстары – қосарлар, яғни **сингемалар – үндескен әрі үйлескен, қосарласқан дыбыстар**.

Бұл кірісім – қазақ жазуын үндестікке бейімдеудің алғашқы ғылыми қадамы еді. Бірақ ол толық жүзеге аспады да, бұл лингвистикалық принцип бұрмаланған күйі 1940 жылы «кирилшені» енгізу кезінде қазақ әліпбиін орыстандыруға пайдаланып кетті. Нақтырақ айтсақ, кәзіргі 42 әріпті әліпбиде бұрмаланған сингемалар бар: Я – ыйа, ійэ; Ю – ійу, ыйу, үйу, ұйу; И – ійй, ый, ій, ұй,үй; У – ұу, үу, іу, ыу.

Бұларды теориялық жағынан ашуға қазіргі тілтаным құлықты емес, бірақ біз ашып көрейік: Я мен Ю орыс тілінен енген сөздерді жазуға арналған әріптер сияқты болғанымен, бұл бүгінде қазақ сөздерін жазуға да қолданылатын заңдылыққа айналды, оны біз байқамай қалдық:

қоЯмын – қоЙАмын
қоЮ – қоЙҰУ
соЮ – соЙҰУ
қИрату – қЫЙратҰУ
жИнау – жЫЙнаҰУ
күлУ – күлҮУ
жылаУ – жылаЫУ.

Бұл бүгінде қазақ жазуын тиімдендіріп тұрған үлгі, бірақ бұл теория тұрғысынан әр, емес, тіл табиғатының практикалық итермелеуінен мәжбүр етілген емле. Өйткені, бүгінгі ережелер неліктен бұлай жазу керегін түсіндіре алмайды, бар болғаны жазуды тиімді, ықшам ету үшін деген осал интерпретация береді.

Әрине аталған әріптер орыс дыбыстарын сол күйінде жазып, айту үшін де еніп кетті. Әуелгі басты мақсат сол болатын, бірақ жанама түрде әлдебір құдірет бізге жасырын түрде сингармологиялық жазымды кіргізіп жіберген.

СИНГОРМОЛОГИЯ: ТІЛДІҢ ШЫН ТАБИҒАТЫ

Қазақ тілін өз табиғатымен түсіндіруге тырысқан ілім – сингормология. Бұл теория бойынша:

- тілдің негізі – жеке дыбыс емес, үндесім;
- дыбыстар үйлесіп, сингема құрайды;
- жазу сол үндесімді бейнелеуі керек.

Яғни қазақ тілін акцентология амалымен «фонема» арқылы емес, сингормология амалын қолданып «сингема» арқылы түсіну, тұшыну қажет.

Қазақ тілінің сингормологиялық бірлігі – фонема емес, сингема, яғни үйлескен, үндескен, қосақталған дыбыстар.

Қазақ тілі үшін буын мен морфема – екеуі екі бөлек құбылыс. Бірақ агглютинатив табиғат пен сингармонизмнің әсерінен олар кей жағдайда қабысып кетеді. Сондықтан бұл сұрақ өте маңызды.

Морфема – мағыналық-грамматикалық бірлік.

Қазақ тіліндегі буын – фонетикалық бірлік емес, сингормологиялық звено.

Мұны ары қарай дамытсақ:

Буын – сингемалардың үндескен қимылдарының ұйымдасу формасы.

Қазақ тілінде буын дыбысты емес, үндестікті ұйымдастырады.

Міне, дәл осы жерден:

- сингевит,
- буындық жазу,
- үндес жазу,
- ықшам орфография идеялары табиғи түрде шығады.

Қазақ тілінде үндестік заңы күшті болғандықтан, буын құрылымы морфемалық ұйымдасумен тығыз қабысады. Яғни қазақ тілінде буын мен морфема шекарасы жиі сәйкеседі.

Мысалы:

- бар-ды
- кел-ді
- жаз-ып
- айт-ты.

Ал флектив тілдерде расында бұл әлсіз.

Мысалы:

- кра-си-во-го
- го-во-ря-ще-го

Мұнда:

- буын жігі,
- морфема жігі,
- грамматикалық өзгеріс бір-бірімен қабыспай кетеді.

Агглютинатив тілдерде буын – морфемалық ұйымдасуға жақын; флектив тілдерде буын мен морфема ажыраңқы.

Сингормология тұрғысынан қарағанда, қазақ тіліндегі негізгі ұйымдастырушы бірлік – жеке фонема емес, үндескен буындық кешен. Сондықтан Ә.Жүнісбек буынды жай ғана фонетикалық бөлшек емес, үндесімнің тұтушысы/носителі ретінде қарайды. Сингормологияда буын дыбыстардың механикалық қосындысы емес, үндесімнің іске асу формасы ретінде танылады. Сол себепті қазақ тілінде: буын – тек дыбыстық құрылым емес; ол сингармонияның іске асу алаңы.

Ал сингевит идеясының түбінде де осы жатыр:

- жазу жеке дыбысты емес,

- үндескен буындық-сингемалық құрылымды таңбалауы керек.

Сондықтан қазақ тілі үшін буын: кәдімгі еуропалық түсініктегі буыннан әлдеқайда маңызды; бірақ таза морфема да емес. Дәлірек айтсақ: Қазақ тілінде буын – фонетика мен морфологияның арасындағы үндесімдік көпір, сингеманың іске асу формасы. Сондықтан қазақ тілінің жазу жүйесі фонемаға емес, буындық-үндесімдік құрылымға сүйенуге бейім.

Мәселенің түбі – «дауыстыны міндетті түрде толық таңбалау керек пе?» дегенге тіреледі. Сингемаға сүйенген буындық жазуда дауысты дыбыстарды толық әрі даралап таңбалау міндетті емес. Өйткені агглютинатив қазақ тілінде дауысты көбіне жеке өмір сүрмейді, ол үндесім арқылы алдын ала болжанып тұрады.

Мысалы:

б+л+н → «бүлін», «бүлүн», «білін» емес, контекст пен үндестік бір нұсқаны өзі таңдайды;

қ+з+қ → қазақ;

ж+р+к → жүрөк/жүрек типтес үндестікпен оқылады. Мұнда басты ақпаратты дауыссыз қаңқа мен сингема береді.

Бұл – жаңа нәрсе емес. Көне түркі руникалық жазуында да дауыстылар толық таңбаланбаған. Араб графикасында да солай. Төте жазуда да ішінара сол құбылыс бар. Себебі үндестік заңы бар тілдерде дауыстыны толық жазбай-ақ тануға мүмкіндік мол.

Сингевиттің идеясы: дыбысты емес, үндесімді жазу.

Сондықтан: дауыстыны «жасыру» емес, оны сингеманың ішінде беру көзделеді. Мысалы қазіргі «су» сөзін алайық.

Флектив талдау: с + у

Сингормологиялық талдау: сұу деген үндес комплекс, бірақ оны толық жазу міндетті емес, өйткені **С сингемасы** мен сөздің үндестік өрісі қалғанын анықтайды.

Сол себепті сингевит логикасында: әр дыбысты жіпке тізгендей бөлек таңбалау артық; жазу буындық-үндесімдік моделге сүйенеді.

Бірақ мұнда өте маңызды мәселе бар: дауыстыны мүлде алып тастауға болмайды. Өйткені қазақ тілінде дауысты:

- буын құрайды;
- үндестікті басқарады;
- морфемалық айырманы ажыратады.

Сондықтан сингевиттің логикасы: дауыстыны толық жою емес; тек болжанатын, сингармониямен анықталатын позицияларда ықшамдау.

Мәселен:

- шығарылым → шығарлм/шғарлм
- тәуелсіз → тәуелсз
- бүліну → бүлну.

Бірақ: тіл / тұл / төл секілді омонимдік қауіп туса, немесе үндестік бұзылса, онда дауысты міндетті түрде жазылады. Сондықтан сингевит таза «дауыссыз жазу» емес. Ол: үндестікке сенетін жазу. Дәлірек айтсақ: фонемалық жазудан сингемалық жазуға көшуге мәжбүрлейді. Ал мұнда буын: тек айтым емес, ақпарат тасушы үндес құрылымға айналады.

Сайып келгенде, біз тарихтың шөгіндісіне айналған ұрын/руна жазудың қағидатын тірілтіп отырмыз. Бірақ ол бүгінге толық іске асады деген сөз емес, бүгінгі дәуірге икемдеп, лайықтап, ережелеп пайдаланса – біз өз тіліміздің төл табиғатын алтын адамның киіміндей жарқыратып шыға келеміз.

ҚАЗІРГІ ЕМЛЕ – ҚАЙШЫЛЫҚТАР ЖИДАСЫ

Бүгінгі жазуда орфография мен орфоэпия бір-біріне қарсы тұр. Мысалы: «бүлін» деп жазамыз, бірақ «бүлүнүу» деп айтамыз, «қиюластыруы» деп жазамыз, бірақ «қыйұластырұұ» деп дыбыстаймыз.

Мұндай қайшылықтар жүздеп кездеседі. Бұл – жазудың тіл заңына бағынбай отырғанының айқын дәлелі. Сол себепті флектив жазымнан сингожазымға көшу еріккеннің ермегі емес болмаса жазу көлемін ықшамдауды мақсат еткендіктен емес, орфографияны тиімді әрі тілдің төл табиғатына қайтарудан туындаған мұрат.

ӘЛІПБИ АУЫСТЫРУ – ШЕШІМ ЕМЕС

Бүгінгі қоғамдағы басты әліпби дауы – кирил ме, латын ба деген мәселе. Бірақ бұл – мәселенің сыртқы қабаты ғана. Егер біз:

- сол баяғы «бір дыбыс – бір таңба» қағидасынан шықпасақ,
- тілдің үндестік табиғатын ескермесек,

онда кез келген әліпби – сол баяғы қатенің арнасынан шықпайды, тіпті тілдің ахуалын күрделі жағдайға әкеп соқтырады. Өйткені, қайшы ережелер мен басы артық шектемелер тіл тұтынушыны әбден ығыр қылып, оны тіл табиғатынан қашырады.

СИНГЕВИТ: ЖАЗУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Сингевит – агглютинатив тілдерге арналған жазу жүйесі. Оның негізі: **бір дыбыс емес, бір үндесім (сингема) – бір таңба.**

Бұл жүйе:

- үндестік заңын толық пайдаланады;
- артық әріптерді қысқартады;
- жазуды ықшамдайды;
- айтым мен жазымды жақындатады.

Бұл көріністер мына кестеде айқын байқалады.

№	Ресми/флектив жазу нұсқасы	Дыбысшаң жазу/айтым нұсқасы	Сингармо жазу нұсқасы
1	бүліну	бүлүнүу	бүлну
2	ұрыну	ұрұнұу	ұрну
2	суыну	сұұнұу	сұуну
4	жылыну	жылынұу	жлну
5	сұрқия	сұрқұйа	сұрқйа
6	сусылдақ	сұусылдақ	суслдақ
7	қиюластыруы	қыйұуластырұұұ	қйуластруы
8	ыдыс	ыдыс	ыдс
9	ішік	ішік	ішк
10	ішкі	ішкі	ішкі
11	сөгіс	сөгүс	сөгс
12	шығарылым	шығарылым	шғарлм
13	басылым	басылым	баслм
14	біріктірінді	біріктірінді	брктрнді
15	түгіскен	түгүскен	түгскен
16	біліскен	біліскен	блскен
17	Ту	Тұу/түу	Ту (жуан буын)
18	Ми	мый	Мй (жуан буын)
19	ки	кій	Кй (жіңішке буын)
20	Сыю	сыйұу	Сйу (жуан буын)
21	сию	сійуу	Сійу (жіңішке буын)
22	сіріңке	сіріңке	срңке

21-жолдағы сөз сингевит жазуы бойынша ерекше ережені талап етеді.

Сингармо жазу жүйесі үнемдеу үшін емес, тіл табиғатын сақтау үшін және тұтушыға сингормологияның қызығын көру үшін қажет.

Негізгі түйін шынында осы жерде жатыр: қазақ тілі фонемамен емес, үндесіммен ұйымдасады.

Сондықтан классикалық еуропалық: «әр дыбысқа жеке таңба» қағидаты қазақ тіліне толық келе бермейді. Сингормологияның ең мықты жері де – осыны аңғартуы. Мысалы, кәдімгі фонологиялық модельде: дыбыс → негізгі бірлік.

Ал сингормологияда:

- үндес кешен,
- сингема,
- буындық үндесім негізгі рөлге шығады.

Сондықтан «буынды дауыстыдан айырып жазуға болмай ма?» деген сұрақ өзекті. Өйткені бұл жерде мәселе:

«дауыстыны жазу-жазбауда» емес, «тілдегі ақпараттың қай қабатта сақталатынында».

Қазақ тілінде ақпараттың едәуір бөлігі:

- үндестікте,
- буын құрылымында,
- сингемалық өрісте сақталады.

Сол үшін көне түркі жазуы да, төте жазу да, тіпті қазіргі қазақ емлесінің өзі де жасырын түрде сингевиттік элементтерді қолданып жүр.

Мысалы:

су → сұу
ми → мый
қою → қойу
үю → үйу

Бұлар – кәдімгі фонемалық жазуға сыймайтын құбылыстар.

Ең маңызды нәрсе: қазақ жазуы іс жүзінде әлдеқашан жартылай сингевит болып кеткен. Тек теориясы толық орнықпаған.

Сондықтан қазіргі қазақ емлесі:

- жартылай фонемалық,
- жартылай буындық,
- жартылай сингармо,
- жартылай флектив гибрид күйде тұр.

Міне, барлық дау осыдан шығады.

ТАРИХИ ДӘЛЕЛ

Сингевит – ойдан шығарылған жүйе емес. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында: бір таңба бірнеше дыбысты қамтыды. XX ғасыр басындағы жазбаларда сингармо жазу қазақ тәжірибесінде бұрыннан бар.

Е.Маралбектің «Қазақ емле ережелерінің қалыптасу тарихы» мақаласында ережелердің нақты сипатын көрсету үшін түп нұсқаға дәлме-дәл транскрипция жасалған мына сөздердің сол кездегі жазылуына мән берелік:

- даусты – дауысты
- ноқатсз – ноқатсыз
- қойылб – қойылып
- бұунда – буында
- жазлмайды – жазылмайды
- бұун – буын
- ашқ – ашық
- сөздң – сөздің
- соңнда – соңында
- астнда – астында
- болмағандқтан – болмағандықтан
- әзрге – әзірге
- ұтрлы - ұтырлы
- тк – тік
- әлпбйінен – әліпбиінен
- мұнң – мұның
- үшкл – үшкіл
- қалбты – қалыпты
- бұуыннда – буынында.

Сингевит емле көктен түскен жоқ, бұл «елес» түрінде үнемі көрініс табумен келеді. Дәл осы көрініске жатқызуға болатын жайттарды филология ғылымдарының докторы, профессор, Бағдан Момыновaның («Қазақ» газетіндегі емле, аударма және грамматикалық ерекшеліктер, tilalemi.kz/kz порталы. https://tilalemi.kz/kz/news/qazaq-gazetindegi-emle-audarma-jane-grammatykaliq-erekshelikter.html) мақаласынан табамыз:

«... қазіргі Қытай Халық Республикасында тұратын диаспора жазуын жаңа төте деп шартты түрде алдық – Б.М.) дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктер мыналар:

1. Бірінші буында және екінші буында, да а дыбысы жазылмайды: хбр – хабар.

2. Сөз басында ы, і анық естілетін сөздерде бұл дыбыстар түсіріліп жазылады: нтымақ – ынтымақ, с – іс, т.б.

3. Бір буынды сөздердегі ы анық естілсе де, жазылмаған: жл.

4. Сөздің бірінші буынында анық естілетін ы, і түсіріліп жазылған: қлады – қылады, жлқы – жылқы, мрза – мырза.

5. Сөз ортасындағы і, ы дыбыстары анық естілетін болса да, аталған дыбыстар түсіріліп жазылған: бөлм – бөлім, қатн – қатын, алғс – алғыс, орсча – орысча, жгтдер – жігітдер, т.б.

6. Сөздің соңғы буынында анық естілсе де, ы, і дыбыстары таңбаланбаған: ұрлқ-зорлқ – ұрлық-зорлық, болс – болыс, т.б.

7. Сөздің соңындағы ы, і дыбыстары таңбаланған: түрлі, мамдары – имамдары, т.б.

8. Қосымшалар құрамында ы, і дыбыстары болса, түсіріліп жазылған: жәрдемнң – жәрдемнің, көрсетб – көрсетіб, жатр – жатыр, иеснде – иесінде, т.б.

9. Сөз басында и естілетін жерделе и түсіріліп жазылған: мамдары – имамдары.

10. Сөз басында ө естілетін сөздерде ө жазылмайды, егер сөз жіңішке айтылатын сөз болса, сөз басына дәйекше қойылады: зі – өзі.

11. Қазіргі кезде уағда түрінде дыбысталып, айтылатын сөздер оғда түрінде жазылған. О дыбысы сөздің бірінші буынында отр сияқты сөздерде де жазылады.

12. Жіңішке айтылуы тиіс сөздердің алдына дәйекші қойылған, мысалы: «бр» (дәйекшемен), «брн брі», «тлі» (алдында дәйекше қойылған), «үчн» (дәйекшелі), «мсілесі» сөзінде «ы»-ның үстінде дәйекше қойылғандықтан, жіңішке болып оқылады, соңындағы «ы» да «і» болып оқылады». Әрине, аталмыш мақалада келтірілген мысалдың бәрі де сингевит жүйесіне сәйкеспейтінін атап кетеміз...»

ҚОРЫТЫНДЫ: ЕНДІ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Біз бір ғасыр бойы әліпби ауыстырумен айналыстық. Бірақ негізгі мәселені айналып өттік. Енді таңдау анық: Біз тағы да әріпті ауыстырамыз ба? Әлде жазу жүйесін өзгертеміз бе?

Қазақ тіліне:

- жаңа таңба емес,
- жаңа көзқарас керек.

Сол көзқарас – сингормология. Ал оның жазудағы көрінісі – сингевит.

Бұл – реформа емес. Бұл – тілдің өз болмысына оралу.

Аталмыш тұжырымдама бойынша үлес қосуға әзір ғалымдар мен зерттеушілер болса, мына електрон поштыға хабарласуына болады: erserik@gmail.com

РЕДАКЦИЯДАН: Белгілі мәдениеттанушы Серік Ерғали руханиятымыздың өзекті мәселелері туралы тұшымды, ойлы дүниелер жазып жүрген интеллектуал азамат. Әсіресе халқымыздың ерекше мейрамы туралы мақалалары жұртшылық назарын аударғаны оқырмандарымызға белгілі. Автордың бұл мақаласы да оқырмандарымызды, лингвист ғалымдарды селт еткізетініне сенімдіміз. Ақиқат талқылау, талдау, қарсы пікірлерді саралау нәтижесінде дүниеге келеді деген ойдамыз.

«Е-ӨТІНІШ» – АШЫҚТЫҚ ПЕН ТИІМДІЛІК КЕПІЛІ

Құрметті жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар!

"Е-Өтініш" ақпараттық жүйесінің енгізілуі мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы байланыстың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Аталған жүйе арқылы азаматтардың өтініштерін қабылдау, тіркеу, қарау және нәтижесін бақылау процестері цифрландырылып, мемлекеттік органдардың жауап беру мерзімдері мен сапасына бақылау күшейтілді.

Бүгінгі таңда "е-Өтініш" АЖ мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызды цифрлық құралдардың біріне айналып отыр. Жүйе өтініштердің жоғалуын болдырмауға, азаматтардың өтініштерін жедел қарауға және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, өтініштердің бірыңғай базаға жинақталуы талдау жұмыстарын жүргізуге, проблемалық мәселелерді анықтауға және оларды шешу бойынша нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдауларға сәйкес, азаматтар тарапынан көбінесе салықтық берешек, көлік құралдарына салынатын салық, өсімпұлдарды есептен шығару, жеке кәсіпкерлікті тіркеу немесе тоқтату, сондай-ақ түрлі анықтамалар алу мәселелері бойынша өтініштер жиі түсуде. Бұл өз кезегінде мемлекеттік кірістер органдары қызметінің азаматтар үшін өзекті екенін көрсетеді.

Сонымен бірге, "Е-Өтініш" жүйесінде тіркелетін өтініштердің көбеюі халықтың цифрлық сервистерді пайдалану деңгейінің артқанын және мемлекеттік органдарға электронды форматта жүгіну тәжірибесінің қалыптасқанын байқатады. Азаматтар уақыт жоғалтпай, үйден шықпай-ақ өтініш жолдап, оның орындалу барысын бақылауға мүмкіндік алуда.

Осыған байланысты, алдағы уақытта "Е-Өтініш" жүйесі арқылы келіп түсетін өтініштердің сапалы әрі уақытылы қаралуын қамтамасыз ету, өтініштерді талдау негізінде жүйелі мәселелерді анықтау және халықпен кері байланысты нығайту бағытындағы жұмыстар жалғастырылатын болады. Сонымен қатар, азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, цифрлық сауаттылықты арттыру және электрондық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін кеңейту шаралары тұрақты негізде жүзеге асырылатын болады.

- "Е-Өтініш" ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Е-Өтініш" АЖ) арқылы сәйкес жүргізілген талдау нәтижелері бойынша өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда "Е-Өтініш" жүйесінде өтініштердің айтарлықтай өсуі (2022 жылғы 1 тоқсаны -52394, ағымдағы жылдың 1 тоқсаны-78845);

Сонымен қатар "е-Өтініш"АЖ есепке алынбайтын және қаралмайтын арыздар мен шағымдар:

1) бір мемлекеттік органнан екіншісіне келіп түскен қызметтік құжаттар;

2) жарнамалық сипаттағы ұсыныстар;

3) "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы"Қазақстан Республикасы Заңының 4 - бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген өтініштерді қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштер;

4) қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасы, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы және т.б. шеңберінде келіп түскен өтініштер .

Бұдан басқа, көрсетілетін қызметті алушылардан кірістер туралы анықтама алу, ЖК ретінде тіркеу және есептен шығару, дебиторлық берешек бойынша мәліметтер беру, К/Х құрамы туралы анықтама беру, салықтан босату туралы анықтама беру, босату туралы анықтама беру сияқты мәліметтерді беру туралы көптеген өтініштер анықталды көлік құралына салық төлеуден және т. б.

Сонымен қатар, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жатпайтын кейбір арыздар мен "е-Өтініш" жүйесі арқылы келіп түсетін өтініштер бойынша азаматтар мәселелерін ресми өтініш жолдамай-ақ жедел түрде шеше алады. Атап айтқанда, салықтық берешек, өсімпұл, жеке кәсіпкерлікті тіркеу немесе жабу, көлік салығы, түрлі анықтамалар алу және өзге де мәселелер бойынша азаматтар басқарманың байланыс телефондарына хабарласып, қажетті түсіндірмелер мен консультациялар ала алады.

Осыған байланысты, азаматтарға "е-Өтініш" жүйесіне жүгінбей тұрып, алдымен басқарманың байланыс нөмірлері арқылы хабарласу ұсынылады. Атап айтқанда, 53-01-85, 53-01-74, 53-01-42 байланыс нөмірлері арқылы қажетті ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, азаматтар Төле би көшесі, 22 мекенжайына келіп, тиісті мамандардан кеңес алу мүмкіндігіне ие.

Бұл өз кезегінде азаматтардың уақытын үнемдеуге, мәселелерді жедел шешуге және "е-Өтініш" жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға ықпал етеді. Осыған байланысты, мемлекеттік кірістер органдары тарапынан халықпен кері байланысты нығайту, байланыс арналарының қолжетімділігін арттыру және азаматтарға жедел ақпараттық қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғастырылатын болады.

Әбубәкір Жандаулет,
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы
Есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМ АҚЫ ТУРАЛЫ

1. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 560-бабының 1-тармағына сәйкес, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді келесі тұлғалар төлейді:

Жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен (яғни, жалға) алғандар;

Қатты пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауын пайдаланатындар.

Ал төлем төлемейтіндер:

Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеушілер – бұл режим қолданылатын қызмет үшін пайдаланылатын жер учаскелері бойынша;

Концессия шарты негізінде берілген жер учаскелері бойынша концессионерлер айта жайт концессия мерзімі ішінде, бірақ 5 жылдан аспайтын уақыт ішінде болуы керек.

2. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемнің салық салу объектісі

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 561-бабына сәйкес төлемнің объектісі:

Мемлекеттен уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен (жалға) берілген жер учаскесі;

Қатты пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіруге арналған лицензия негізінде жер қойнауы учаскесі.

Жер қойнауы – топырақ қабатының астындағы, ал ол болмаған жағдайда, жер бетінің, су айдындары мен ағындарының түбінің астындағы жер қыртысының бөлігі болып табылады бұл ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 10-бабы 1-тармағында Жер учаскесі – жер қатынастары субъектілеріне Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес берілетін, шекарасы белгіленген жер бөлігі (Жер кодексі, 12-бап, 21) тармақша).

3. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемелері

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 563-бабына сәйкес:

Қатты пайдалы қазбаларды барлау немесе өндіру лицензиялары бойынша төлем мөлшерлемесі салық кезеңінің бірінші күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне байланысты анықталады.

Уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шарттары бойынша төлем сомасы уәкілетті жер қатынастары органымен немесе арнайы экономикалық аймақ аумағында – жергілікті атқарушы органмен есептеледі.

Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін 851.00 СЕН нысанын тапсырып 105315 Бюджеттік сыныптама коды бойынша төлем жасалынады. Төлем республикалық немесе жергілікті бюджетке аударылады.

Анарай ДУЛАТОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Өндірістік емес төлемдер бөлімінің бас маманы

ТҰЛҒАНЫ ТІРКЕУ ЕСЕБІНЕ ҚОЮДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2-параграф. Дара кәсіпкер мен жеке практикамен айналысатын тұлғаны тіркеу есебіне қоюдың ерекшеліктері

15. Дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкер) ретінде тіркеу есебіне қою үшін жеке тұлға мемлекеттік кірістер органдарына "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"Қазақстан Республикасының Заңның 3-қосымшасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде қызмет басталғаны туралы хабарламаны жібереді. Бірлескен дара кәсіпкерлікті тіркеу кезінде бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті тұлғасы барлық қатысушылар атынан қол қойылған сенімхатты ұсынады. Өтініш беруші кәмелет жасына толмаған жағдайда, хабарламаға заңды өкілдердің келісімі, ал мұндай келісім болмаған жағдайда – некеге тұру туралы куәліктің көшірмесі немесе қамқоршылық және қорғаншылық органы шешімі не кәмелетке толмағанды толық әрекетке қабілетті деп тану туралы сот шешімі қоса беріледі.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілмеген құжаттарды сұратуға тыйым салынады.

16. Кәсіпкерлік кодексінің 36-бабы 2-тармағына сәйкес жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген тұлғаларға хабарлама жіберу көрсетілмеген.

17. Жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебіне қою үшін жеке тұлға ақпараттандыру объектілері арқылы мемлекеттік кірістер органдарына нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау қызметін, адвокаттық қызметті, медиация тәртібімен дауларды реттеу қызметін бастауға дейін осы бұйрыққа

сәйкес нысанда тіркеу есебіне қою туралы 5-қосымшаға "Жеке практикамен айналысатын тұлғаның тіркеу есебі туралы хабарлама" хабарламаны жібереді.

18. Тіркеу тегін жүзеге асырылады:

1) дара кәсіпкер:

"электрондық лицензиялау" порталы (e-license.kz);

екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары;

"E-Salyq Business" мобильді қосымшасы арқылы.

2) Жеке практикамен айналысатын тұлға:

www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы.

19. Кәсіпкерлік кодексінің 36-бабы 2-тармағына сәйкес дара кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынған, жеке тұлғалар дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылуға жатпайды.

20. Дара кәсіпкердің (бірлескен дара кәсіпкердің) тіркеу деректеріне өзгерістерді мемлекеттік кірістер органы тіркеу деректеріне, оның ішінде бірлескен кәсіпкерлікке қатысушылар (мүшелер) туралы деректерге өзгерістер енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарламаның негізінде жүргізеді.

21. Жеке тұлғаны дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебінен шығаруды мемлекеттік кірістер органы Салық кодексінің 98-бабында айқындалған тәртіппен қызметті тоқтату туралы салықтық өтініштің, салықтық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініштің негізінде және (немесе) Кәсіпкерлік кодексінің 38-бабына сәйкес жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тіркеу есебінен шығару, Кәсіпкерлік кодексінің 38-бабы 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық міндеттемелері болмаған жағдайда жүргізіледі.

22. Жеке тұлға мемлекеттік кірістер органынан дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын тұлға ретінде тіркеу есебінен шығарылғаны (тіркеу есебінен шығарудан бас тартылғаны) туралы растауды қағаз тасымалдағышта немесе мемлекеттік кірістер органының ақпараттандыру объектілері арқылы алуға құқылы.

Қадыр Назым Қанатбекқызы,
Әл-Фараби ауданы мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шымкент қаласы Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 109- бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылы мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын салық төлеушілердің бастапқы тізімін (кредиторлардың және (немесе) субъект мәжбүрлі түрде таратылатын (есептік тіркеуден шығарылған, қызметін тоқтатқан) жағдайда құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын өзге де тұлғалардың өтініштерін (наразылықтарын) қабылдау үшін интернет-ресурсында келесі сілтеме бойынша жариялайды: https://shymkent.kgd.gov.kz/kk/content/kyzmeti-mzhburleu-trtibimen-toktatuga-zhatatyn-salyk-toleushilerdin-bastapky-tizimi-310.

Барлық сұрақтар бойынша Шымкент қаласы, Театр көшесі, 33 ғимаратта орналасқан Абай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласуды сұрайды.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
"Тасс-Media" ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1077.



ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ШЫҢЫНДАҒЫ ШАҢЫРАҚ

30 жылдық белеске көтерілген ЕҰУ-нің жетістіктері көпшілікті тәнті етті

(Соңы. Басы 1-бетте).

Лу Бань шеберханасы бүгінде тек тәжірибе алмасатын алаң ғана емес, университеттің инновациялық экожүйесін дамытатын маңызды орталыққа айналып отыр. Қонақтар автоматтандырылған өндіріс желілері, жоғары өнімді есептеу жүйелері, ұшқышсыз технологиялар, машиналық көру және робототехника зертханаларымен танысты. Университет студенттері мен IT мамандары жасанды интеллект бағытындағы бірқатар тың жобаларын ұсынды. Олардың қатарында үлкен тілдік модельдерге негізделген білім платформасы, көру қабілеті нашар жандарға арналған навигациялық жүйе, интеллектуалды бейне талдау технологиялары мен Industrial AI бағытындағы әзірлемелер бар.

Ғылыми кеңестің мерекелік отырысы театрландырылған көрініс, арнайы бейнепрезентация және әсерлі флешмобпен жалғасын тапты. Университет ректоры Ерлан Сыдықов жиналған қауымды 30 жылдық мерейтоймен құттықтап, университеттің осы уақыт аралығында зор жетістіктерге қол жеткізгенін ерекше атап өтті. Ол оқу орнының басты байлығы – оның ұжымы екенін айтып, университеттің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер ұстаздарға алғыс білдірді. Сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге, студенттер мен жас ғалымдарға ризашылығын жеткізді.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдаған құттықтау хатын Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек оқып берді. Президент құттықтауында университеттің тәуелсіздікпен бірге қалыптасып, еліміздің жетекші білім ордаларының біріне айналғаны атап өтілді. Сонымен қатар әлемдегі 50 жылға толмаған университеттер арасында ЕҰУ-дың алдыңғы қатарда келе жатқанына тоқталып, оқу орнының алдағы уақытта да білім мен ғылым көшбасшысы ретінде ұлттық беделді арттыра беретініне сенім білдірілді.

Президент құттықтауында университеттің Еуропа, Азия, АҚШ және басқа да елдердің жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу орталықтарымен және халықаралық білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс орнатқаны ерекше айтылды. Бүгінде ЕҰУ халықаралық ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытып отырған беделді университеттердің қатарына енді.



Мерейтой барысында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жолдаған бейнеқұттықтау да көпшілік назарына ұсынылды. Онда Еуразия ұлттық университетінің тәуелсіз Қазақстанмен бірге өсіп-өркендеп келе жатқан және елдің интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыратын жетекші ғылыми-білім беру орталығы екені атап өтілді. Министр 30 жылдық мерейтойдың өткенге тағзым ғана емес, болашаққа сенімді қадам екенін айтып, университеттің әлі талай биіктерді бағындыратынына сенім білдірді.

Мерекелік жиын барысында Ресей, Беларусь және Әзербайжан президенттерінің құттықтау хаттары оқылды. Сонымен бірге университет ұжымын Қазақстан Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, дипломатиялық корпус өкілдері, шетелдік серіктестер, Бас прокуратура, Жоғарғы сот басшылығы, жоғары оқу орындарының ректорлары және ЕҰУ түлектері құттықтады.

Өз сөзінде Саясат Нұрбек ЕҰУ-дың бүгінде Орталық Азиядағы ғана емес, әлемдік деңгейдегі іргелі университетке айналғанын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, университет заман талабына жауап бере алатын, білімі мен тәжірибесі ұштасқан кәсіби мамандар даярлауды басты мақсат етіп келеді. Министр университеттің бүгінгі жетістіктері ұжымның табанды еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

30 жылдық мерейтой аясындағы мерекелік бағдарламалар кампус аумағында жалғасты. Студенттер, оқытушылар, түлектер мен қонақтар қатысқан іс-шараларда палау фестивалі, концерттік бағдарламалар, ұлттық ойындар, түрлі көрмелер мен интерактивті алаңдар ұйымдастырылды. Сонымен қатар ЕҰУ түлектерінің слеті өтіп, университеттің көпұлтты мәдениеті мен студенттік рухын айшықтайтын халықтық серуендер көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Бүгінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші зерттеу университеттерінің біріне айналды. Қазіргі уақытта мұнда 27 мыңнан астам студент білім алады. Университеттің білім беру және ғылыми қызметін шамамен 3 мыңға жуық оқытушы мен қызметкер қамтамасыз етеді. Оқу ордасында 200-ден астам білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар жасанды интеллект, инженерия, ядролық физика, биотехнология және өзге де заманауи бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер қарқынды дамып жатыр. QS World University Rankings 2026 нәтижесі бойынша ЕҰУ әлемнің жетекші университеттері арасында 317-орынға тұрақтады. Бұл – ұлттық жоғары білім жүйесі үшін үлкен жетістік әрі университет дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды көрсеткіш.

Балжан АРИНОВА,
«Әділеттің» Астана қаласы мен Ақмола облысындағы арнаулы тілшісі, Халықаралық Журналистер одағының мүшесі.
Астана қаласы

ҚЫРЫҚБАЙ АЛЛАБЕРГЕН АТЫНДАҒЫ МЕДИАЗЕРТХАНА

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі ғимаратында ашылды

Жақында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдығы аясында қазақ журналистикасы ғылымының дамуына зор үлес қосқан ғалым, тарих ғылымдарының докторы, белгілі журналист, профессор Қырықбай Аллаберген атындағы медиазертхана Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі ғимаратында ашылды.



Университет мерейтойымен сабақтас өткен тағылымды жиынға оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректоры Ерлан Бәтташұлы Сыдықов, профессордың ұзақ жылдар бірге қызмет атқарған әріптестері, зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, сондай-ақ ғалымның отбасы мүшелері – жары Бақыт Баткеева мен қызы Алтынай қатысты. Басқосу барысында Қырықбай Аллабергеннің ұлттық журналистика тарихын жүйелеудегі өлшеусіз еңбегі, ғылыми ізденістегі табандылығы мен ұстаздық болмысы кеңінен әңгіме өзегіне айналды.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген белгілі ғалым, профессор Намазалы Омашев университеттің қалыптасу кезеңдеріне тоқталып, Қырықбай Аллабергенмен бірге атқарған жылдарды тебіреніспен еске алды. Ол профессордың ғылымдағы биік беделімен қатар, адами келбеті ерекше жан болғанын айтты. Әріптестеріне қамқорлығы, шәкірттеріне жанашырлығы, ұлт руханиятына деген адалдығы мен кішіпейілдігі Қырықбай ағайдың болмысын айқындаған асыл қасиеттер ретінде сипатталды. Жиналған қауым арнайы медиазертхананың лентасын қиып, ғалым рухына тағзым етті.

Кездесу барысында филология ғылымдарының докторы Айгүл Ісімақова Қырықбай Аллабергеннің ғылыми мұрасына терең талдау жасап, оның еңбектерінде қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихы, ұлт азаттығы идеясы, тарихи сана мен рухани тәуелсіздік мәселелері жан-жақты қарастырылғанын атап өтті. Ғалымның зерттеулерінде бүгінгі деколониялық бағытпен сабақтас тұжырымдардың ерте кезеңнің өзінде көрініс табуы – оның ғылыми көрегендігін дәлелдейтін маңызды ерекшелік екені айтылды. Сонымен бірге ол профессордың көптеген жас зерттеушілерге бағыт-бағдар берген ұстаз ретіндегі еңбегіне ерекше тоқталды.

Профессор Ғалиябану Кертаева мен өзге де зиялы қауым өкілдері жаңа медиазертхананың ашылуын қазақ журналистикасы ғылымына көрсетілген құрмет деп бағалады. Олар Қырықбай Аллабергеннің ғылыми еңбектері ұлттық баспасөз тарихын танудағы маңызды дерек-көздердің бірі екенін айтып, оның зерттеулері жас ғалымдар үшін әлі де өзектілігін жоғалтпайтынын жеткізді.



Қырықбай Аллаберген – бүкіл саналы ғұмырын қазақ руханияты мен ұлттық баспасөз тарихын зерделеуге арнаған көрнекті ғалымдардың бірі. Ол архивтік құжаттарды терең зерттеу арқылы Алаш баспасөзі, қуғын-сүргін кезеңіндегі журналистика, ұлттық идеяның баспасөздегі көрінісі секілді күрделі тақырыптарды ғылыми айналымға енгізді. Ғалымның көптеген еңбектері қазақ журналистикасының тарихын жаңа қырынан танытып, отандық ғылымдағы маңызды зерттеулер қатарына енді. Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орындарында дәріс оқып, талай шәкірт тәрбиелеген профессор ғылым мен журналистиканы ұштастыра білген сирек тұлғалардың санатынан еді.

Ғылыми әрі рухани мазмұны терең шара жылы естеліктерге, тағылымды әңгімелерге толы болды. Қырықбай Аллаберген есімі берілген медиазертхана енді тек оқу аудиториясы ғана емес, ұлттық журналистика тарихын зерттейтін, жас ғалымдардың ғылыми ізденісін шыңдайтын, шығармашылық бастамаларға серпін беретін маңызды ғылыми орталыққа айналмақ.

Әлия АЛШЫНБАЙ,
ЕҰУ-нің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің студенті

ДОС ТУРАЛЫ СӨЗ

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» демекші, досым Тұрғынбай Құлымбетовты көрген сайын кісіліктің, ізгіліктің жолдарын көргендей боламын. «Менің атым озғанша, көршімнің тайы озсын» дейтін азамат Тұрғынбайдай-ақ болар.



Досым өз табысынан гөрі өзгенің табысы мен жетістігіне қуанатын, бұлақ көрсе көзін ашатын – нағыз азамат. Текті жігіт қой, әрқашан да бір қалыпты, аспайды-саспайды, қашан да қарапайымдылықты, ізгілікті, ізеттілікті ту етеді.

Оның замандасы ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Алғабас ауданының Шалдар совхозында талай рет бірге болдым. Тұрекең өзінің еңбек жолын туған ауылында шофер болып бастап, 1970-1971 жылдары сол кездегі Кеңес әскерінде Отан алдындағы борышын өтеп, ысылды, өмір көрді. Жауынгерлік даярлықтың үздігі атанып, қазақ солдаты КПСС мүшелігіне қабылданды. Ол кезде дәл осындай үлкен сенім, екінің біріне бұйыра бермейтін. Алдына үлкен мақсат қойған Тұрғынбай 1975 жылы сол кездегі Киров атындағы Қазақ Ұлттық университетінің дайындық курсына түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, заң факультетінің студенті атанды.

Біздің курс «Жұлдыздар курсы» болды деп, Тұрғынбай үнемі үлкен мақтанышпен айтып отырады. Мақтанатыны да орынды. Бес жыл бірге оқыған Қайрат Мәми, Зағипа Балиева заң факультетінің ғана емес, бүкіл университеттің мақтанышына айналып, бүкіл Қазақстанға белгілі Мемлекет және қоғам қайраткерлері атанды. Олармен сонау алыстап кеткен студенттік жылдары басталған шынайы достық осы күнге дейін жалғасып келеді.

Тұрекең Қайрат Мәми досының алғырлығы мен қарапайымдылығын, ізеттілігі мен адамгершілігін әрдайым әңгіме етіп, риза болып отырады. «Ұлық болсаң – кішік бол» демекші, Қайрат досым жан-жағына жақсылықтың сәулесін шашып жүретін азамат. Адамгершіліктің туын жоғары ұстайтын, халқына адал қызмет ете білетін нағыз жігіттің сұлтаны ғой дер едім. Мен әрқашан да жақсылықтың арғымағынан түспейтін Қайрат досыма алғысымды білдіремін», – дейді Тұрғынбай досым ризашылық сезімін білдіріп.

Тұрекең Балқаш, Алакөл департаментінде бірге қызмет атқарған Жарқын Ахметов досын сағынышпен әңгіме етіп отырады. Жарқын, шын мәнінде, жарқылдаған азамат еді. Оның кішіпейілділігін, адамгершілігін, достыққа адалдығын, курстастарына жасаған жақсылығын Тұрғынбай үнемі өзгелерге үлгі-өнеге етіп айтып отырады.

Бір бөлмеде бес жыл бірге тұрған Аман досы мен жары Гүлшағимен жанұялық достығы осы күнге дейін жалғасып келеді. Өз ісінің майталманы Тұрғынбай әр жылдары «Алматы Агротранс» мекемесінде, Бостандық, Жетісу аудандарында, Алматы облысы, Алматы қаласына қарасты Балқаш департаментінде бөлім бастығы болып еңбек етіп, өзін білікті, білгір маман ретінде көрсетіп, көп алғысына бөленді. Бизнес саласында да жемісті еңбек етіп, Алматыда ұлттық тағамдар дайындайтын «Жеті Қазына» мейрамханасын ашып, үлкен жетістікке жетті. Бекет атамыздың 250 жылдығына ас беру рәсімінде мыңға жуық алматылықтардың қатысуымен «Жеті Қазынада» өткен еді.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, Тұрекең спорт десе ішкен асын жерге қоятын азамат. Жыл сайын волейболдан Дінмұхаммед Қонаев атындағы Халықаралық турнир ұйымдастырып, бұл жарысқа Қазақстанның барлық қалаларынан, Өзбекстан және Қырғызстан қалаларынан командалар қатысып, турнир өте тартысты өтеді. Тұрғынбай әрдайым осы салауаттылыққа толы игі істердің басы-қасында жүреді. Дәстүрлі өтіп тұратын турнирдің бірінде волейбол спортын ерекше сүйетін қазақтың атақты ақыны Олжас Сүлейменовпен танысып, достасып кетті. Әлем таныған талантты ақынның құрметіне Тұрекең немересінің есімін Олжас деп қойды.

Тұрекеңнің жасы 70-тен асса да, елдің ынтымағы мен бірлігін ойлап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Арғы бабасы болып саналатын қазақтың ұлы батыры Абылай ханның сенімді серігі болған Сіргелі Қарабатырдың өмірі мен ерлігін зерттеуде – Тұрғынбайдың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Осыдан 30 жылдан астам бұрын Қарабатырдың рухына үлкен ас беріліп, кіндік қаны тамған туған жеріне ескерткіш-мүсінін орнатқан азаматтардың алдында Тұрекең жүрді. Өз қаржысына «Қарабатыр» атты деректі фильм түсіріп, республикалық теледидардан көрсетті. Осыдан 4 жыл бұрын Шымкент, Түркістан автожолының бойында Қарабатырдың еңселі ескерткіші бой көтеріп, үлкен ас берілді. Бұл игі істі ұйымдастырушылардың бірі, менің досым – Тұрғынбай Құлымбетов болатын.

Тұрекеңнің елі үшін атқарған еңбегі бағаланып, «Түркістан облысының Құрметті ақсақалы» төсбелгісімен, сондай-ақ Дінмұхаммед Қонаевтың 100 жылдығына орай шығарылған медальмен марапатталды.

Жарты ғасырдан бері бақытты ғұмыр кешіп келе жатқан жан жары Несіпкүл екеуі ұлдарын – ұяға, қыздарын – қияға ұшырып, өмірден өз орындарын тапты.

Тұңғышы Жанар Қарашаңырақ КазГу-дің халықаралық экономикалық қатынастар факультетін, ұлы Данияр Қонаев атындағы университеттің заң факультетін, қызы Гаухар НАРХОЗ-ды, Дәурен ҚазҰТУ бакалаврды бітіріп, Португалияда, Авейро Университетінде магистратураны тамамдады.

2018 жылы Меккеге барып, үлкен қажылықтан оралғанда, Дінмұхаммед немересі дүниеге келді. Қазір Димашы мектепке ілінді.

Сүйікті немерелері жасыл құрақтай болып өсіп келеді. Алла тағала адам баласына үш үлкен бақыт береді екен. Менің досым сол үш бақытқа да жеткен азамат.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Алматы қаласы